



КАРАКСТАН
ДАУЫСЫ

ЕЛМЕН СЫРЛАСУ

ХТОМ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТТІК МӘДЕНИЕТ ОРТАЛЫҒЫ

НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ

ЕЛМЕН СЫРЛАСУ

СӨЗДЕР, СҰХБАТТАР

Х ТОМ



KUL TECIN

АСТАНА
2011

УДК 342
ББК 67.400.6
Н 17

Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті «Әдебиеттің өлеуметтік маңызды түрлерін
басып шығару» бағдарламасы бойынша шығарылды

Жобаның авторы: М. ЖОЛДАСБЕКОВ,
филология ғылымдарының докторы, профессор

Ғылыми кеңесші: М. ҚАСЫМБЕКОВ,
саясат ғылымдарының докторы

Нұрсұлтан Назарбаев:
Н 86 **ЕЛМЕН СЫРЛАСУ.** Т. 10. – 272 б. – Астана: «Күлтегін» баспасы, 2011.

ISBN 978-601-7318-04-8

«Елмен сырласу» – Қазақстан мемлекеттігінің негізін қалаушы, оның тұнғыш Президенті Н. Назарбаевтың халық алдындағы тарихи парызын терең сезіне білетін азаматтық жауапкершілігін, қазақ топырағындағы жасампаздық құбылыстардың тікелей бастаушысы екендігін, тұрақтылық пен ұлтаралық татулық идеясын Қазақстан аясында ғана жүзеге асырып қоймай, ғаламдық бійкек көтергендігін, әлемдік деңгейдегі қайраткерлігін ашып көрсететін көптомдық шығарма.

Басылымға Н. Назарбаевтың 1995 жылдың екінші жартысындағы қоғам дамуының езекті мәселелері бойынша баяндамалары, мәлімдемелері, ақпарат құралдарына берген сұхбаттары, оқыған дәрістері енгізілген.

Кітап тарихшыларға, саясаттанушыларға, саясатшыларға, жоғарғы оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне, сондай-ақ өз елінің тарихын танып білуге зейін қойған жалпы оқырмандарға арналған.

УДК 342
ББК 67.400.6

ISBN 978-601-7318-04-8

© «Күлтегін» баспасы, 2011

РУКОВОДСТВО
СОВЕТА МИНИСТРОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПОСЛАНИЕ КАЗАХСКОМУ ЖОРЫ
СОВЕТУ МИНИСТРОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



Сообщение Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева на заседании Совета министров Республики Казахстан в Указе № 122 от 20 марта 2003 года о продлении срока полномочий Президента Республики Казахстан на 5 лет и о внесении изменений в Указ о назначении временного представителя Президента Республики Казахстан в Астане и о внесении изменений в Указ о назначении временного представителя Президента Республики Казахстан в Алматы.

Сообщение Президента Республики Казахстан о продлении срока полномочий Президента Республики Казахстан на 5 лет и о внесении изменений в Указ о назначении временного представителя Президента Республики Казахстан в Астане и о внесении изменений в Указ о назначении временного представителя Президента Республики Казахстан в Алматы.

**ПРИВЕТСТВИЕ
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Н. А. НАЗАРБАЕВА УЧАСТНИКАМ, ГОСТИЯМ И ЧЛЕНАМ ЖЮРИ
VI МЕЖДУНАРОДНОГО КОНКУРСА ПОПУЛЯРНОЙ
МУЗЫКИ И ПЕСНИ «АЗИЯ ДАУЫСЫ»***

Алматы, 27 июля 1995 года

Сердечно приветствую участников, гостей и членов жюри VI Международного конкурса «Азия дауысы».

Уже шестой раз собираются в Алматы молодые талантливые представители многих стран, чтобы не только померяться силами в конкурсной борьбе, не только пообщаться с коллегами и поучиться у них, но и через наш конкурс показать миру красоту музыки ваших народов.

Мы в Казахстане рады, что даже в нелегкие для нас годы смогли сохранить и сделать еще более ярким этот удивительный праздник музыки. «Азия дауысы» помогает всем открыть и понять культуру разных стран. И в то же время весь мир узнает о культуре, традициях и обычаях, об истории нашего народа.

Самый главный неписанный закон нашей земли – закон гостеприимства. Здесь нашли свою родину десятки разных народов, и мы стремимся к тому, чтобы мир и понимание между разными людьми помогли молодому независимому государству окрепнуть и подняться до новых вершин.

Своя вершина есть у любого человека, есть она и у каждого из вас. Вы стремитесь к этой высоте осознанно, прекрасно понимая, что в этом нелегком пути вместе с вами поднимается и культура в целом. А ваш язык – язык искусства – делает ваши достижения понятными всему миру.

Нам приятно, что родившийся на земле Казахстана конкурс «Азия дауысы» стал не просто вашим помощником в нелегком деле служения музыке. Вы давно уже считаете конкурс своим другом.

Это дает всем казахстанцам право назвать и вас этим прекрасным именем – Друг!

Удачи вам и успеха!

Творческих открытий и побед!

Желаю «Азия дауысы» и всем вам успешного проведения конкурса!

*Газета «Казахстанская правда», 27 июля 1995 года.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ
ЖАҢА ЖОБАСЫНЫҢ ПЫСЫҚТАЛҒАН НҰСҚАСЫНЫҢ
БАСПАСӨЗДЕ ЖАРИЯЛАНУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ЖЕРГІЛІКТІ
ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ЖУРНАЛИСТЕРГЕ АРНАП ӘТКІЗГЕН
БАСПАСӨЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ ***

Алматы, 1 тамыз 1995 жыл

ЕЛ ТАҒДЫРЫН АЙҚЫНДАЙТЫН ҚҰЖАТ

Маусымның 30-ынан шілденің 30-ына дейін Президенттің қаулысына сәйкес Қазақстанда барлық жерде еліміздің жаңа Конституциясының жобасын талқылау өткізілгені белгілі. Қазір бұл талқылау аяқталды.

Республиканың сан үлтты халқы Негізгі заңның жобасына зор ықылас білдіріп, оны бірден терең әрі жан-жақты зерттеп, талқылауға ден қойды. Бұл түсінікті – өйткені бұл құжат елдің болашағы өзін толғандырып отырған миллиондаған адамдардың тағдырына қатысты, демек бұл бәрімізді де толғандырады деген сөз.

Өткен ай ішінде, республикада Конституцияның жобасын 33 мыңға таяу ұжымдық талқылау болып өтті. Оған 3 миллионнан астам адам қатысты. Бұларға азаматтар, ұжымдар, тұрган жеріне қарай жиындар, мәслихаттар, қоғамдық бірлестіктер 30 мыңға таяу ұсыныстар мен ескертпелер кіргізді. Қазақстандықтардың басым көвшілігі жалпы алғанда Негізгі Заңның жобасына енгізілген идеялар мен принциптерді қолдады. Бұл орайда жобаны пысықтау үшін жақсы негізге айналған бірталай сындарлы идеялар айтылды. Барлық ұсыныстар мен ескертпелер айдалаға тасталмастан тиянақты зерттелді, жаңа Конституцияның жобасына ықтимал ескертпелер енгізу үшін сараптық-консультативтік кеңеске берілді. Әрине, бәрін жобаға енгізу мүмкін болған жоқ, десе де еліміздің азаматтарының басым көвшілігінің пікірін білдіретін және Қазақстан халқының түбегейлі мүдделеріне сай келетін ұсыныстар, әлбетте, ескерілді.

Бұл жұмыс, орасан зор үрдіске ие болды. Жобаның идеологиясы мен негізгі мазмұны сақталғанымен оның барлық тараулары белгілі бір дәрежеде өзгертилді. Ал анығын айтқанда, жартысынан астамы өзгертилді. Оның ішінде 55 бапқа 1100 түзету мен қосымша енгізілді.

* «Егемен Қазақстан» газеті, 2 тамыз 1995 жыл.

Н. Назарбаев олардың ең бастыларына тоқталып өтті. Қазақстандықтардың сан мындаған тілектерін ескере келгенде, мемлекетіміздің Қазақстан Республикасы аты сақталып қалды. Бұл орайда біздің еліміз бүкіл дүниежүзілік қоғамдастықтың толық құқықты мүшесі болғаны, халықаралық шарттарға қол қойылғаны, осы атымен заңдардың бүкіл жүйесінің қалыптастырылғаны ескерілді. Бұл мәселенің техникалық-экономикалық жағы да бар. Мемлекеттің атын қайта атау елеулі қаржы шығындарын қажет етеді. Оның үстіне мемлекетке өзінің қатыстылығын айқындастырын азаматтарға жаңа паспорттар беріліп жатқанын да ескерген жөн.

Конституцияның кіріспе бөліміне елеулі нақтылаулар өнгізілді. «Ежелгі қазақ жерінде» деген сөздердің орнына «байыргы қазақ жерінде» деген ұғым кіргізілді. Мұның өзі тарихи дерекке сай. Өйткені осы жер қазақ ұлтын өркендеткен және Қазақстанда тұратын басқа да халықтардың өкілдерін болашақта дамыту үшін негіз болып табылатын дерекке сай.

Талқылаудың өзі қазақстандықтардың көшпілігі елімізге белгілі бір жағдайда жерге жекеменшік өнгізуі жақтағанымен, жер қойнауына, суға, есімдік және жануарлар дүниесіне, басқа бір табиғи ресурстарға деген жекеменшіктің болуына қарсы екенін көрсетіп отыр. Сондықтан талқылауға берілген нұсқадан өзгеше мұнда жерге ғана жекеменшік институты көзделген. Мемлекеттік құрылыс мәселелерін реттейтін бөлімдер барынша көп өзгерілген. Сондықтан Конституциялық кеңеске арналған жаңа бөлімнің жобасын өнгізуі өзі осыған байланысты, бұл бөлім қазіргі Конституциялық сottың орнына тағайындалмақшы. Бұл шешім оңайға түсken жоқ. Бірақ оның объективті негіздері бар осы органның З жылғы тәжірибесіне сүйене отырып, оның қызметіндегі бірқатар кемшіліктерді ескере және дүниежүзілік тәжірибелі басшылыққа ала отырып, Конституциялық сottың, Жоғары сottың судьялары, ғалым-заңгерлер Конституциялық кеңесті көздейтін Конституциялық сот жүргізу жүйесін қайта құруды ұсынды. Бұл кеңесті құруға Президент те, сондай-ақ парламенттің қос палаталарының тәрағалары да тең қатысады қамтамасыз ететін тәртіп өнгізіледі. Мұның өзі Конституциялық кеңес қызметіне риясyz және объективтілік танытуға мүмкіндік береді және бұл орайдағы ең бастысы Конституциялық кеңес саясаттан тыс болмақшы.

Ұзаққа созылған талқылаулардан кейін парламент мәжілісінің адам санын 67 депутатқа дейін көбейту жөніндегі шешімі қабылданды. Депутаттық корпустың адам санын шектен тыс азайтудың қажеті жоқ, өйткені мұның өзі Үкіметтің өкілдепті органының табиғатына қарсы. Ал парламент осындай орган болып табылады.

Бүкілхалықтық талқылаудың барысында ұсынылған жобаға және Парламентті босату жөніндегі ұсыныстарға байланысты көптеген сын

айтылды, осы ұсыныстарды ескере келіп, түпкілікті нұсқада парламенттің өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату жөнінде тәртіпті тағайындаиды. Осы тәртіп мемлекеттің мұдделерін барынша қорғауға және сонымен бір мезгілде сайлау науқандарының берекесіздікпен қайта-қайта өткізуінің нәтижесінде елдегі заң шығарушы органның беделін түсіруге мүмкіндік бермеуге тиіс. Қазір енді парламент шын мәнінде кәсіптік болып табылады. Мұның өзі болашақ депутаттардың біліміне, жасына да байланысты болмақ. Конституция өкімет тармақтарының өзара мәмілеге келіп, келісім жасай алуына бағытталады. Мұның өзі болашақта ұзақ мерзімге парламентті таратудың ешбір жағдайына жол бермеудің басты кепілі.

Парламенттің денсаулық сақтау және азаматтардың әлеуметтік қамтамасыз етілу саласындағы заң шығарушы құзырлығын кеңейту туралы шешім қабылданды. Мұның өзі осы мәселелерді шешу жөніндегі қалыптасқан практикаға сәйкес адамдардың құқықтары мен бостандықтарын заң жүзінде қамтамасыз ету жөніндегі тұжырымдардан туындалған отыр.

Өзін құқықтық және демократиялық мемлекет қатарына қосатын әрбір елде ешқандай адам, әсіресе атқарушы үкімет сыннан және жауапкершіліктен тысқары болмауға тиіс. Мұның өзі жобадан үкімет мүшелеріне қол сұғылмауы, ешкім тиіспейтіндігі туралы нормасын алып тастауға әкеліп соқты.

Азаматтар, ең алдымен қоғамдық бірлестіктер талқылаудың барысында азаматтардың құқықтарының жарияланған теңдігі мен мемлекеттік қызметшілердің кәсіподактарға кіруі үшін ұсынылып отырған тыйым салыну арасындағы қарама-қайшылықтарға ерекше назар аударды. Енді қазір мемлекеттік қызметшілер барлық басқа азаматтар тәрізді кәсіптік белгісі бойынша бірлестіктер құруға қақысы бар. Бұл, Қазақстан мемлекеттілігінің дамуының демократиялық үрдісіне өбден сай келеді.

Сайып келгенде, еліміздің жаңа Конституясы сот-құқықтық реформаларды өткізу үшін жол ашады, жоба біртұтас сот жүйесін құруды көздейді. Іс жүзінде әділқазылық көрсету кезінде соттардың тәуелсіздігін қамтамасыз етеді. Соттық-құқықтық реформа – бұл кешенді шара. Мұның өзі елдегі бүкіл құқық қорғау жүйесін жетілдіруді талап етеді. Сондықтан бүкіл құқық қорғау органдарын іс жүзінде қайта құру көзделіп отыр. Бірақ ең алдымен прокуратуралың мәртебесі жөніндегі дауларға түпкілікті нүкте қойылуға тиіс.

Қазақстан халқы, Президент ретінде, маган біздің мемлекетіміздің басты даму бағыттарын айқындауды сеніп тапсырды. Осыған сәйкес мен Конституцияның жаңа жобасы жөнінде тамыздың 30-ында референдум өткізу жөнінде Жарлық шығардым. Сөйтіп, мен Қазақстанның барлық

азаматтарына өздерінің игі тілектерін білдіріп, еліміздің ең басты құжатының жобасын қолдауға шақырамын. Менің тілегім бүкіл қазақстандықтардың мұддесіне сай келеді деп сенемін, ал жаңа Конституция сол үшін жасалғанын сіздерге айтпақтын. Ең бастысы бүкіл қазақстандықтардан, журналистерден, демек сіздер арқылы оқырмандарға, көрермендерге және тыңдармандарға жаңа Конституция халықаралық татулық және азаматтық келісім жағдайында, саяси және экономикалық реформаларды дәйекті түрде жүзеге асыру жағдайында елімізді тұрақты және дәйекті түрде дамыту үшін мүмкіндік ашатынын жеткізсеніздер еken деп сұраймын. Халықаралық нормаларға сәйкес Негізгі Заң азаматтарға ұлтына, жынысына, дініне, саяси сеніміне қарамастан, бостандықтар мен құқықтарды беріп отыр. Конституция жобасы соңғы жылдары қатты толғандырып келген аса маңызды қоғамдық мәселелерді айқын шешуге де: мемлекеттілік, тіл, меншік, азаматтық мәселелерін шешуге мүмкіндік беріп отыр.

Барлық бұқаралық ақпарат құралдарын референдум өткізуге белсенді дайындалуға шақырамын. Олар бүкілхалықтық талқылауға ұсынылған жобаны талқылау кезінде нысаналы жұмыс істеді. Баспасөз Қазақстанның көпұлтты халқын қоғамымыздың Ата Заңының негізінде бүкіл тірлік-тұрмысын бірлескен күш-жігердің арқасында біріктіре алатынына нық сенім білдіремін.

**ВЫСТУПЛЕНИЕ
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА
НА ПРЕСС-КОНФЕРЕНЦИИ ДЛЯ МЕСТНЫХ И ЗАРУБЕЖНЫХ
ЖУРНАЛИСТОВ В СВЯЗИ С ОПУБЛИКОВАНИЕМ В ПЕЧАТИ
ДОРАБОТАННОГО С УЧЕТОМ ВСЕНАРОДНОГО ОБСУЖДЕНИЯ
ПРОЕКТА НОВОЙ КОНСТИТУЦИИ КАЗАХСТАНА ***

Алматы, 1 августа 1995 года

ДОКУМЕНТ, ОПРЕДЕЛЯЮЩИЙ СУДЬБУ СТРАНЫ

Как известно, с 30 июня по 30 июля в соответствии с президентским постановлением в Казахстане повсеместно было проведено обсуждение проекта новой Конституции страны. Теперь оно завершено, и можно подвести некоторые итоги.

Многонациональный народ республики проявил неподдельный интерес к проекту Основного закона, сразу начал его глубокое и всестороннее изучение и обсуждение.

За минувший месяц в республике состоялось около 33 тысяч коллективных обсуждений проекта Конституции, в которых приняли участие более трех миллионов человек. На них гражданами, коллективами, сходами по месту жительства, маслихатами, общественными объединениями было внесено в общей сложности почти 30 тысяч предложений и замечаний.

Оценивая их, что абсолютное большинство казахстанцев в целом поддержали идеи и принципы, заложенные в проекте Основного закона. При этом было высказано немало конструктивных идей, которые послужили хорошей основой для доработки проекта. Все без исключения предложения и замечания тщательно изучались экспертно-консультативным советом для возможного внесения поправок в проект новой Конституции. Конечно, далеко не все удалось внести в проект. Однако предложения, отражающие мнение большинства граждан страны и соответствующие коренным интересам народа Казахстана, непременно учитывались.

Работа была проделана огромная. И несмотря на то что в целом сохранилась идеология и основное содержание проекта, в той или иной мере претерпели изменения практически все его разделы. Более чем

* Газета «Акмолинская правда», 5 августа 1995 года.

вполовину, а именно в 55-й статье были внесены 1100 поправок и дополнений.

Принимая во внимание многочисленные пожелания казахстанцев, сохранено нынешнее название государства – Республика Казахстан. При этом учитывалось, что наша страна стала полноправным членом мирового сообщества, заключила международные договоры, сформировала целую систему законодательства именно под этим именем. Есть и технико-экономическая сторона вопроса. Переименование государства потребует значительных финансовых расходов. Кроме того, уже идет выдача нашим гражданам новых паспортов, в которых определена их принадлежность к государству, именуемому Республикой Казахстан.

Существенное уточнение внесено в преамбулу Конституции. Вместо слов «на древней казахской земле» предложено понятие «на исконной казахской земле», что в полной мере отвечает историческому факту, согласно которому именно эта земля является корневой основой, взраставшей казахскую нацию и служащей ареалом ее будущего развития вместе с представителями других национальностей, проживающими в Казахстане.

Обсуждение показало, что большинство казахстанцев, понимая необходимость при определенных условиях введения в стране частной собственности на землю, все же выступает против частной собственности на недра, воды, растительный и животный мир, другие природные ресурсы. Поэтому в отличие от варианта, опубликованного для обсуждения, предусмотрен институт частной собственности только на землю.

Наибольшим изменениям подверглись разделы, регламентирующие вопросы государственного устройства. Именно с ними связано введение в проект нового раздела, посвященного Конституционному совету, который предлагается учредить вместо нынешнего Конституционного суда. Это решение далось непросто, но оно имеет под собой объективные основания. Судьи Конституционного суда, Верховного суда, ученые-юристы, опираясь на трехлетний опыт функционирования этого органа, учитывая ряд недостатков в его деятельности и существующий мировой опыт, предложили реформировать систему конституционного судопроизводства, предусматривающую создание Конституционного совета. Причем вводится порядок, обеспечивающий равное участие в его формировании как Президента, так и обеих палат Парламента в лице их председателей. Это позволит придать деятельности Конституционного совета беспристрастность и объективность. И что особенно важно – при этих условиях Конституционный совет становится вне политики.

После длительных обсуждений было принято и решение об увеличении численности мажилиса Парламента до 7 депутатов. Полагаю, отметил Президент, что это совершенно правильное решение. Не следует чрезмерно увлекаться сокращением численности депутатского корпуса, что не отвечает природе представительного органа власти, каковым является Парламент.

В ходе всенародного обсуждения много критики было высказано в связи с предложенными проектом оснований и процедуры роспуска Парламента, сказал Глава государства.

Было также принято решение о расширении законодательной компетенции Парламента в сферах здравоохранения и социального обеспечения граждан. Это вытекает из концепции законодательного обеспечения прав и свобод личности, соответствует сложившейся практике решения данных вопросов.

Во всяком государстве, которое причисляет себя к правовым и демократическим, никто не может находиться вне зоны критики и ответственности, в особенности исполнительная власть.

Граждане, и прежде всего общественные объединения, в ходе обсуждения настоятельно просили обратить внимание на противоречие между декларируемым равенством прав граждан и предлагаемым запретом для государственных служащих состоять в профсоюзах. В связи с этим поступила масса предложений об исключении из проекта данного запрета, что и было сделано в ходе доработки.

Наконец, новая Конституция страны откроет «шлюзы» для проведения судебно-правовой реформы. Проект предусматривает создание единой судебной системы, на деле обеспечивает независимость судей при отправлении правосудия. Судебно-правовая реформа – это комплексное мероприятие, которое требует совершенствования всей правоохранительной системы страны. Поэтому предполагается реформирование практически всех правоохранительных органов, но прежде всего будет поставлена окончательная точка в дискуссиях о статусе прокуратуры.

Народ Казахстана доверил мне как Президенту определить магистральные направления развития нашего государства. В соответствии с этим волеизъявлением, где уже издан Указ о проведении 30 августа референдума по проекту новой Конституции. Тем самым я обращаюсь ко всем гражданам Казахстана вынести свой вердикт и поддержать проект самого главного документа страны. Надеюсь, что мои пожелания соответствуют интересам всех казахстанцев. Собственно, ради этого и разрабатывалась новая Конституция.

Главное, что мне хотелось бы донести сегодня до всех казахстанцев, вас, журналистов, а следовательно до ваших читателей, зрителей и слушателей, так это тот факт, что новая Конституция в состоянии открыть возможность для стабильного и последовательного развития страны в обстановке межнационального согласия и гражданского мира, последовательного осуществления политических и экономических реформ. В соответствии с международными нормами Основной закон предоставляет гарантии прав и свобод гражданам независимо от национальности, пола, вероисповедания, политических убеждений. Проект Конституции также дает четкое разрешение важнейших общественных вопросов, которые в последние годы волновали народ Казахстана: это вопросы государственности, языка, собственности, гражданства.

Призываю все средства массовой информации столь же активно готовиться к проведению референдума, сколь целеустремленно они работали в период обсуждения вынесенного на всенародное обсуждение проекта. Я уверен, что совместными усилиями можно объединить наш многонациональный народ Казахстана на основе Основного закона жизни общества.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ АБАЙДЫҢ 150 ЖЫЛДЫҚ
МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ЖИҮИНДА
ЖАСАҒАН БАЯНДАМАСЫ ***

Алматы, 9 тамыз 1995 жыл

АБАЙ ТУРАЛЫ СӨЗ

Ардақты отандастар!

Қадірлі меймандар!

Бүгін – ұлы мереке. Халқымыз ең аяулы перзенті мен ең дана ұстазына мәңгі өшпес махаббатын білдіруге жиналышп отыр. Оның дүниеге келгеніне әр он жыл толған сайын осылай бас қосып, өткеніміз бен кеткенімізді, жеткеніміз бен жетпегімізді бір сарапқа салып алу әлдеқашан әдеттімізге айналған. Соның әрқайсысында Абайдың аты жаңаша асқақтап, халқымыздың мәртебе-мерейі жаңа биікке көтерілүмен келеді. Бір кезде абзал ақынымыздың асыл мұрасының таптық идеология табанында тапталып қалмай, жаңа ұрпақтармен бірге жасайтын мәңгілік құбылысқа айналғанына қуандық. Кейін оның қадір-қасиетінің өз аумағымызбен шектеліп қалмай, іргелес халықтар мен елдерге де кеңінен танымал бола бастағанына масаттанып, марқайдық. Ал бұл жолғы сүйіншіміздің жөні тіпті бөлек. Ол үшін бір-бірімізді қуана құттықтап, бір-бірімізден шүйліге сүйінші сұрасақ та, ешқандай ерсілігі болmas еді.

Абайдың әуелден-ақ әкениң баласы болмай, адамның баласы болуды армандағаны белгілі. Бұл жолғы тойдың төріне сол көксеген мұратына жетіп, барша әлемге аты қадірлі, сөзі өтімді, пікірі қымбат Адамзат Ардағы, Адамзат Ақыны, Адамзат Ақылманы болып көтеріліп отыр. Бұл жолғы салтанаттың Алматы мен Семейден, Қарауыл мен Жидебайдан басталмай, Батыс пен Шығыстың іргелі елдерінен, Еуропа мен Азияның ең беделді мемлекеттерінен, Мәскеу мен Стамбул, Париж бен Пекин сынды әлеуметтік астаналардан басталғаны да – соның айғағы. Бұл – бүкіл планетамыздың мәдени-рухани тынысын жүйелеп отырған аса

* «Егемен Қазақстан» газеті, 10 тамыз 1995 жыл.

беделді халықаралық үйым – ЮНЕСКО-ның біздің жеке өтінішімізді ыстық ықыласпен қабылдап, мұндай шаруаның қалыптасқан жылтізбелік үрдісін алғаш рет бұзып, оны дүниежүзілік деңгейде өткізуі өзінің биік құзырына алуға шешім қабылдағанының арқасы. Біз бұны енді ғана тәуелсіздік алып, адамзат қауымдастығының тен құқылы мүшесі ретінде енді ғана санатқа кіре бастаған ежелгі халқымыз бер жас мемлекетімізге көрсетіліп отырған үлкен ықылас, биік саяси-рухани қолдау деп бағалаймыз. Құллі қазақстандықтардың атынан ЮНЕСКО үйымына, оның бас директоры, бүгін ортамызда отырған аса сыйлы мейманымыз, көрнекті қоғам қайраткері, әлемге мәшһүр ақын, аса қадірменді Федерико Майор мырзага шын жүректен шексіз ризашылығымызды білдіруді айырықша парыз санаймын. Сондай-ақ, Абай мерекесін атап өткен, мұрасын насиҳаттауға белсене үлес қосып жатқан, бүгінгі салтанатқа өздерінің беделді өкілдерін жіберіп отырған барлық мемлекеттер мен халықаралық үйимдарға шын жүректен алғыс айтамыз. Бұл демократия мен гуманизм мұраттарының әлемдік кеңістікте түбегейлі жеңістерге жетуінің нәтижесінде қалыптаса бастаған жаңа рухани ахуалдың айқын айғағы деп білеміз. Ағайын бір өліде, бір тіріде деген осы. Қуанышы мен қайғысы ортақ рухани бауырмалдықтың әлемдік деңгейде орныға бастауы біздің ертеңге деген сенімімізді нығайта түсері хак.

«Елдестірмек елшіден, жауластырмақ жаушыдан», – дейді қазақ. Ақ пейіліміз бер адал ниетіміздің асыл көрінісіндей Абайымыздың әлемдік татулық пен ынтымаққа өз үлесін қосатын рухани мәмілегерлігіне кіріскеңіне ерекше тәнті бол отырғанымызды да жасыра алмаймыз, ері елінің атын шығарады, елі ерінің атын шығарады деген де осы. Біз бүгінгідей тарихи кезеңде, адамзаттық қауымдастыққа енді танылып, сенімді ықпалдас, сертке берік серіктес ретінде алғаш рет бой көрсете бастаған кезімізде беделімізді асырып, рухани бедерімізді айқындағы түсітін Абайдай беліміз барлығына шүкірлік етеміз. Сондай беліміздің атын аспандата ұлықтай алатын еліміз барына да шүкірлік етеміз. Құдайдың біздің бұндай күнге жеткізгеніне де тәуба дейміз. Сондай кезеңде өмір сүріп, сондай ел мен сондай қоғамға жан-тәнімізben қызмет ету мандаіымызға жазылғанына да мың қайтара тәуба дейміз. Оны сезіну біздің үмітімізді нығайтып, жігерімізге жігер қоса түсітіні анық. Өйткені, Абайды Абай қылған қылды тарихтың қырық қатпар шындығы қазіргі біз бастаң кешіп жатқан заманалық құбылыстармен тікелей жалғасып жатыр. Оның тағдыры мен рухани ізденістерінің қыры мен шиширын, тұңғыры мен тұтқылының жіті пайымдап, дұрыс қорытынды шығара білсек, басымыздың дәуренмен талай сабактастықты танып, бүгінгі ахуалымызды да салихаландыра түсітін талай мән мен нәр таба алар едік. Абайдың сол заманда осылай толғанып, осылай жазбауы қандай мүмкін

болмаса, біздің бұл заманда осылай қиналып, осылай әрекет етпеуіміз сондай мүмкін еместігін түсінер едік.

Қадірменді қауым!

Ерекше жағдай ерекше ізденістер мен ерекше әрекеттерге бастайтыны белгілі. Ерен талант пен ерен жігер де сондайда керек. Әрдайым алға ұмтылып, биікке ұмсынған адамзат нәсілі ешқашан толас таппаған және таппайтын рухани құресіне адастырмас нысана, алжастырмас бағдар сілтеп бере алатын көреген көсем тұлғаларды әрдайым сусай ансаған, әрдайым төбесіне көтере құрметтеген.

Өйткені, ақыл табылмай тұрып, ештеңе табылмайды. Ол жетілмей тұрып, ар-намыс шындалмайды. Ар-намыссыз азамат өзгелердің көсегесі түгілі өзінің көсегесін көгерте алмайды. Онсыз ұлттық сана мен ұлттық намыс та тұл. Онсыз қоғам дамудың, даңғыл жолына түсе алмай, үйреншікті үрдістің солғын соқпағынан шыға алмай, заманалар шыргалаңында басы айналып, дағдарыс хал кешеді. Ондай дағдарыстан шығар жолды тарих пен табиғаттың айырықша пейілі түскен періште ниет, пайғамбар тектес перзенттері ғана сілтеп бере алады.

Абай да дәл сондай балағат заманда ғаламат тәуекелге бара алған ерекше парасат пен ерекше рух иесі. Соның арқасында ол бүгін күллі адамзаттың абыройы аласармас рухани сардарларының біріне айналып отыр. Оны туғызған дәуірді кеңінен қарастырмайынша, одан қалған мұраның тереңіне бойлай алмаймыз.

Ол – қазақ тарихының айырықша ауыр кезеңі еді. Жер шарының неғұрлым көп бөлігін иемденуге тырысқан империя Орталық Азияны қектей өтіп, шығыс пен қунгейге терендей енуді көздеген-ді. Сондай стратегиялық мақсаттың дәл өтінде тұрған ел Қазақстан болды. Басқадан айырылса да, одан айырылмау саясаты алғаш рет сол кезде бой көрсетті. Ел билеудің тарихи қалыптасқан ұлттық жүйесі біржола мансұқталды. Метрополияның өзіндегі билік тұрлери күштеп енгізіле бастады. Өуелі қазақтың әр ұлттықтарынан бірнеше ергежейлі хандықтар құрылып, этнотerritorиялық тұтастық бұзылды. Сосын әр хандықтың халқы мен жері ата-атаға, ру-руға бөлінетін жігімен ауыл-ауылға, болыс-болысқа бөлінді. Сейтіп, сойылған тоқтыдай ұшаланып-мүшеленген хандықтар дербестікten айырылып, көрші губерниялардың құрамына күштеп кіргізіліп, кірме күн кешті. Одан хандықтар дуандарға бөлініп, бекзаттардың орнына патша үкіметі тағайындаған «сенімді қазақтарға» басқартылды. Солай дәстүрлі ішкі жымдастық әбден жойылған кезде ел, ауыл, болыс, уезд, облыстарға бөлінетін түзіліммен қайта құрылды. Ең төменгі ауыл мен болысты жергілікті атқамінерлер, уезд берін облысты патшаның әскери шонжарлары биледі. Осылай қазақтар өз жерінде өзі кірме бол қалды. Ұлттық түгілі рулық-тайпалық тұтастықтан

ажырап, ауызбірліктен атымен жүрдай болды. Солай қожыраған халық пен қоныс жоғарының нұсқауымен алты облысқа бөлініп, көршілес Сібір, Орынбор, Астрахан, Түркістан губерниясына, ал Маңғыстау әуелі Кавказ сырты, артынан Каспий маңы облыстарына бағындырылды. Сөйтіп, қазақтар бет-бетіне таратылып, бір халық, бір ұлт, бір ел екенін атымен ұмытатындаи қүйге жеткізілді. Жер бетінде отаршылдық көрмеген халық кем де кем болғанмен, бір ғасырда осыншама көп реформага ілініп, тоз-тоз болатындаи тәлекекке ұшыраған халық ешқайда да жоқ шығар.

Бұның бәрі отарлық қеңістіктің тұрғындары тарихи қалыптасқан мемлекеттілігін қайтадан қалпына келтіре алмайтындаи қылып, оларды жер мен судың байырғы иелік құқынан біржолата ажыратуды көздең, алдын-ала ойластырылған зұлым саясат еді. Қазір бізге өршелене өшігіп жүрген алтын моншақты саяси қырғилар мен әншейін айтакқа ерген әулекілердің жаңа бағдарламалары қай кездегі «саяси қоңсық» екендігін осыдан-ақ айыра беруге болады. Ондайлар көршілерінің жерін тоз-тоз қып бөліп өкетіп, өзін салпақтатып малға салып, ата қонысынан табылып жатқан байлықтан соқыр тиын да татырмай, талтаңдап қалған дәуренді өлі де көксейді. Сондай кейбір көкімелердің өзі ұлы мәдениет жасаған ұлы елдің атын малданып, өзгелерге өнеге көрсеттім деп, өз абыроын өзі түсіріп жататынын қайтерсің?! Ондай ұрдажықтар ол кезде де аз емес еді. Ел мен жерді ойрандағандарын былай қойып, сананы да уландыра бастады. Тілін, дінін, тұрмыс-салтын менсінбеуге, ата кәсібі мен тарихын ұмытуға, өзінен өзі қорланып, өзгенін зорлығына бауыр басуға ынталандыратын әзәзіл саясат ерекше мұттәйімдікпен жүзеге асырыла бастады.

Бұратаналану деп атаплатын жексүрын құбылыс солай өрбіді. Қармаққа ілінген жемге жүгірген шабақтай шошандаған бұратана сана өзін-өзі отқа түсіретін көzsіз көбелек дәурен орнатты. Тұтастық пен ынтымақ ұмытылды. Санап алып оқытып, санап алып қызметке іліктіру бір жағынан орыстандыруды, екінші жағынан бақастық пен ішкі араздықты қүшеттіді көздеді. Басқаны былай қойғанда, ағартушылықтың өзіне арамза сипат берілді. Бір ғасыр бойына жантәсілім жау жағаласпен келген ереуілшіл халыққа енді әлгіндей қамқорсыған айла-шарғының қақпаны құрылды. Кітаптан ғөрі зенбіректі, мектептен ғөрі әскери бекіністерді көбейтіп жатқан өкіметтен сескенгендер аяқ жетпес шөлдерге шегінді. Сескенбегендер саяси итаршылыққа жүгініп, есіктегі жалшылыққа пейіл болды. Шұрайлы жерлер, шырайлы кәсіп пен қызмет орталықтан әдейі көшіріліп әкелінгендегерге ғана бұйырды. Шет аймақтардың дамуына бөлінетін қаржы түп-тұтасымен сырттан қоныстанушыларға жұмсалды. Ал бұратаналарды да оқуға тартпақ болғандар, патша сарайы ұлықтарының біреуінің дала губернаторына ашық жазғанындаи, «шектен шықкан адам сүйгіштік» деп келеке етілді. Егер осы

ғасыр басында қазақтардан да санаулы оқығандар шығып, орысша саут ашқандар бір процентке жетсе, оған мансапқор дала дәүләттілері мен оқубілім аңсаған тұздықтердің өз қаражаты жұмсалды.

Жан иесі жарыққа талпынбай тұра алмайды. Өз-өзінен жойылып кетуге пейіл еш мақұлық жоқ. Халық та солай. Қанша зорлық көрсө де, зомбылық көрсө де үмітін үзбейді. Өзіндей жұрттардың қолы жетіп жатқанға өз қолын да жеткізбек боп тырысады. Тап сондай дәме бұдан сегіз ғасыр бұрын біздің бір жерлесімізді ғылым іздетіп, қунгей Азияға сабылтқан еді. Өткен ғасырда да тап сондай талап тұлпарларын ерттеп мінгендер шыға бастады. Бір кездегі әл-Фарабидің жанқиярлық талабын араб халифатының әкелік қамқорлығы деп қалай айта алмасақ, өткен ғасыр соңындағы дала азаматтарының білім жолындағы нартәуекелін де патшалық самодержавиенің әкелік камқорлығына жатқыза алмаймыз. Шет аймақтардағылардың да сауатын ашып, білімге тартудың жүйелі саясаты болды. Бірақ, ол біздің даламызға осы ғасырдың екінші он жылдығынан бастап ене бастады. Демек, оған дейінгі оқу-білімге үмтүлу үлттық болмысымыздың етene зәруліктерінен туындаған рухани жанқиярлық. Бір экономикалық-қоғамдық үрдістің дәурені әбден таусылып, екінші бір экономикалық-қоғамдық үрдістің әбден орныға бастағанын байқаған үлттық сананың тарихи дамуды өзінше пайымдаған етene көрегендігі. Ондай құбылысты айдалаға апарып телу әбестік болар еді. Үлттық рухани өміршөндігіміздің тереңіне бойлай пайымдаудан әдейі жалтару болар еді. Ондай көзқараспен қарасақ, Абай сынды алып тұлғалардың кеменгерлік болмысына атымен маңайлай алмас едік.

Абайдың адам көрмеген жанқиярлығы мен ерен құбылыс саналардай ерекшелігі – отаршыл кемсітушілік бар жерде болмай қоймайтын тайсалудың орнына тайталасты, жиренудің орнына үйренуді, жарамсақтықтың орнына жаразтықты, мансап қуған баққұмарлықтың орнына білім қуған бәсекені сіңістіріп, үлтимымыздың рухани қайсарлығын атымен жаңа қасиеттерімен байытқандығы.

Әйткені, халқына жаны шындаған аштын қайраткер орға жығатын емес, ерге бастайтын жол сілтейді.

Абай да ақыл айтпас бұрын құлы заманның бар қитұрқысын өз басынан өткөріп көрді. Оның сол кездегі европалық саяхатшылардың аузынан «дала Цицероны» деген атақ алған, шонжар әкесі ескі мен жаңаға бірдей жорға болды. Ел жақсылары мен патша әкімшілігіне сөзін бірдей өткізе білді. Сондай аса ақылды, көреген әке баулыған ұғымтал жас медреседе мұсылманша, мектепте орысша қатар оқып жүрген жерінен ауылға қайтарылып, билікке арапасады. Ру мен ру, ескі үрдіс пен жаңа үрдіс, рулық-тайпалық психология мен самодержавиелік отаршылдық бетпе-бет шарпысқан тартыс пен таластың ортасында жүріп, есесі кетіп жатқан елінің

жоғын жоқтауға күш салды. Бірақ, еңбегі зая кетті. Қандастары қызғанышпен, отаршыл ұлықтар сенімсіздікпен қарады. Қала болған жігерлі азамат билікті тастанап, ақындықтың соңына біржола түсті. Қалған жиырма жыл ғұмырын тек қана оқып білуге, тек қана шығармашылыққа жұмсады. Ол еңбегі, енді, міне, адамзат ақыл-ойының асқаралы тұлғасына айналдырып отыр. Ақын Абай қазақтың суырып салма поэзиясын шын мәніндегі реалистік жазба поэзияға айналдырыды. Бұрын-соңды көтерілмеген тақырыптарды көтерді. Бұрын-соңды үрдіске енбеген жанрларды үрдіске енгізді. Сырт сипаттау, сырт дәріптеуді қойып, адамның ішкі жаңына үнілетін, болмыстың тұғырық қалтарыстарын ашатын аса мәнді философиялық-әлеуметтік лирика туғызды. Шығыс поэзиясына тән нәзіктік, әуезділік, ойнақылық батыс әдебиетіне тән жіті зерттеуші зердемен байыды.

Егер Абай болмаса, осы ғасырдың басында-ақ азаматтық кемелділікке, суреткерлік салиқалылыққа, стильдік әр алуандыққа, заманмен бірге аттап, замандаспен мұндағас бола алатындей әлеуметтік пайымға ие болған жазба әдебиет мектебі, шын мәніндегі Абай мектебі қалыптаспас еді. Мағжан Жұмабаев, Берніяз Құлеев, Шәнгереі Бекеев, Шәкәрім Құдайбердіұлы лирикасында, Әлихан Бекейханов, Ахмет Байтұрсынов, Ғұмар Қарашев, Халел Досмұханбетов, Мұхамеджан Сералиндердің саяси-ғылыми көсем сөздерінде, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Спандияр Көбеев, Міржақып Дулатов, Жұсіпбек Аймауытов шығармаларында бар бітімімен көрінген бұл мектеп Абай жүйелеген жаңа ұлттық эстетикалық әлемнің қаншалықты сындарлы екендігін айқын танытты.

Тұп бастауы осы көусар бұлақтан басталған көп салалы, көп жанрлы көркем әдебиетіміз XX ғасыр зобаландары тұсында өз халқына зор рухани медет болды. Тек өз жұртын ғана емес, бұрынғы кеңестік кеңістіктегі, тіпті әлемдік деңгейде талғампаз қауымның сузының қандыра алатын рухани нәр тауып бере алды. Біз бұның бәрі үшін де бір жарым ғасыр бұрын эстетикалық ойдың тың жазирасына батыл аттаған Абайдың қайсар талантына қарыздармыз.

Абай Құнанбайұлының әлемдік санадан өз орнын алатындей елеулі құбылыс болуы тек оның әдеби ізденістерімен шектелмейді. Әдебиет – Абайдың құллі дүниелік болмысқа, адами, ұлттық, кісілік, тарихи, заманалық болмыстарға бойлайтын көусар дариясы, ежелгі дүниеден мәңгілікке дейін көл-кесір көсліп жатқан рухани әлемге, рухани ғарышқа, университетінде аталатын ғалами дүниенің ғажайып қырыларына шегер бір жағынан азапты, бір жағынан ләззатты сапарының бастау қақпасы, әрі тереңге бойлап, кемелге үмтүлар талпыныстарының алтын баспалдағы болды. Абайдың ойшылдық қарымы мен зерттеушілік тегеурінін де өз заманының шым-шытырық қайшылыққа толы шындығы белгілеп

берді. Сол шытырманнан шығар жол іздел жүріп, ол өз халқының ұлттық бітімін жан-жақты пайымдады. Оның басындағы тақсиретті егжей-тегжейлі талдады. Сөйтіп, кеселіне дауа, келешегіне бағыт қарастырды. Халқына қамқор, ұлтына жанашыр болам деп жүріп құллі адамзатқа мейірбан гуманистік өреге көтерілді. Кісі мен кісінің де, халық пен халықтың да арасында бола беретін кикілжіндердің бәрінен жоғары тұра білді. Ұлықтарды ұнатпағанымен, көрші орыс халқына, басқа да халықтарға зор ілтиппен қарады. Патшалық билікті мансұқтағанмен, ұлы орыс мәдениетінен тәлім алды. Аз халықты да, көп халықты да бауырластыратын рухани ықпалдастық деп түсінді. Адамға адамның баласының бәрін дос санады. Оны батысқа, шығысқа, алысқа, жақынға бөлмей, біртұтас құбылыш ретінде қарастырды. Дала өмірін түзету үшін толассыз жетіліп, толассыз шындалып жатқан адамзаттық қауымдастықтың тыныс-тірлігіне үңілу қажет болды. Сөйтіп, ол өз дәүіріндегі өз жүртінің әлеуметтік болмысымен шектелмей, оны қалай сауықтыру мен салауаттандырудың амалын іздеді. Өз пайымын ортаға салды. Ол қазақ зияллыларының осы ғасыр басындағы әлеуметтік прогрессе талпынысына айта қаларлықтай ықпал етті. Онымен қоймай, қазақтың жиырмасыншы ғасырдағы қоғамдық санасына тікелей әсерін тигізе алды. Абайдың әлеуметтік ойшылдығына тереңірек үңілетін тұс – қазіргі кезең. Қоғамымызда түбегейлі өзгерістер болып жатқан бүгінгі күндер.

Осы тұрғыдан келсек, дала философы халқына жаңы ашу деген онымен қосыла жылау емес, оған өзін-өзі шындаудың сара жолын айқындал беру деп түсінгені ешқандай күмән туғызбайтын басы ашық мәселе.

Абайды мұндан нартәуекелге бел буғызған, оның осыншалық намысын қайраған қазақ даласындағы кемсітушілік саясат пен оның шашбауын көтерген әлеуметтік көлгірлік еді. Оларды жағадан алып, жағаласа кеткеннен мән шықпайтынын түсінді. Кенесары көтерілісі аяқталар кезде дүниеге келген сәби бесіктен белі шықпай жатып, дербес ел болудан біржола қудер үзіп, бөтеннің көсейін көсеп, дәреже іздегендердің қырқылжың қырқысын қөріп есті. Тәуелділік мызығымастай боп орнығып, болары болып қойғаннан кейін аңғал халықты босқа арандату парасаттылыққа жатпайтынына көзі жетті. Есе қайтарудың жолы бар ма? Бар.

Абайға айтқызсанызы: «Түрлі мал тап, – дейді. Әйтпесе, «қарыны аш кісінің көнілінде ақыл, бойында ар, ғылымға құмарлық қайдан тұрсын?...» Мал тапса, қарын тояды. Онан соң білім, өнер керек екен...» Өнер-білімді қайдан іздеген жөн? Абайға айтқызсанызы: «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста зор... Орыстың ғылымы, өнері дүниенің кілті. Оны білгенге дүние арзанырақ түседі».

Естір құлақ тосырқай тыңдар тосын жауап. Тым пайда қуған, бақ қуған утилитарлық көзқарас емес пе? Мұндан ақылдың патша ұлықтары таратып

жүрген пікірден несі өзге? Ұлық жалба тымақты тұз адамын кемсіте беруді көздейді. Абай тезірек теңетуге асығады. Оның ұғымында сол астам ортаның «Залалынан қашық, пайдасына ортақ болу үшін де оқуын, ғылымын білмек керек... Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады. Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі онымен бірдейлік дағуасына кіреді де, аса арасыздана жалынбайды». Сонда бұдан шығатын қорытынды: кемсінгеннен мәдениетін менгеріп, қомсынғаннан білімінді асырып қана есе қайтара аласың. Әйтпесе, аз бен көптің, күшті мен әлсіздің арасында басқаша тенденция болуы еш мүмкін емес екен.

Әншійін қиқарлықтай көрінетін бұл қағидасын Абай өз өмірімен дәлелдеп шыға алды. Айдаладағы киіз туырлықты ауылда жатып, орыс классикасын түгелге жуық оқып қана қоймай, шетінен қазақшаға аударып, ел арасынан насиҳаттаумен шұғылданды, ол аз болғандай, орыс тілі арқылы Байрон, Гете, Шиллер, Лесаж, Дюма, Мицкевичтерді зерделеп, қазақша сөйлетуге тырысты. Тіпті көне грек, ежелгі Рим дәуірлеріне тереңдеп, Аристотель мен Соқраттан бастап, Спиноза мен Спенсерге дейінгі аса көрнекті ойшылдарды шұқшия зерттеді. Дарвинді ақтарып жаратылыстану жетістіктерімен танысса, Нью-Йорк университетінің профессоры Джон Уильям Дрепердің еңбектеріне ден қойып, Еуропаның ақыл-ой дамуының тарихына, католицизм мен ғылымның арасындағы қарым-қатынастар тарихына қанықты. «Менің қағбам енді батысқа ауысты», – деуі де сондықтан еді.

Сезімтал ақын, сергек ойшыл ғұлама дала тіршілігін өзге дүние тіршілігімен салыстыра зерттеп барып түсінгісі келді. Бала кезінен таныс араб, парсы тіліндегі кітаптарды қайта ақтарып, Шығыс поэзиясына, тарихына, философиясына соны көзқараспен қарап, жанаша баға берді. Әсіреке Табари, Рабғузи, Рашид-әд-Дин, Бабыр, Абылғазы еңбектеріне ерекше зейін қойды. Шығыстық логика мен мұсылман құқығын үніле зерделеді. Өз тұсындағы Кіндік Азия мен Құнгей Азияның мәдени-рухани өмірінен мейлінше хабардар отырды.

Абай зердесі тек сыртқы дүниеге ғана назар аударып қоймай, ұлттық болмысты пайымдайтын төл мұраларға да көңіл бөлді. Қорқыт, Асан Қайғы, Атальық, Сыпыра жыраулар, Қодантайшы, Қазтуған, Доспамбет, Шалқиіз, Марғасқа, Жиembet ақындар жырларындағы уайым мен жігер, Бұқар, Төле, Қазыбек, Әйтке өсінеттеріндегі өміршілдік Абай дүниетанымының ең терең және етene қабаттары еді.

Оған тұрандық ғұламалар Қожа Ахмет Иассауи, Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, Мұхамед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалайри, Мұхамед ибн Қайс, Хусан Аддин Баршынлегінің еңбектерін қоссаныз – қазақ ақынының көп қабатты, көп атырапты дүниетанымына еріксіз қайран қалар едініз.

Екі алып құрлықты алтын кіседей айқара құшақтатып жатқан ежелгі сахарада қалыптасатын ғұламалық ой-сананың қаншалықты терең, қаншалықты кең қарымды, белгілі бір мәдениет, мектеп, ағым ауқымына тұтқындалмайтында қаншалықты бостан әрі азат болатынына көзініз жете түсер еді.

Абайдың көзшоласы қандай ұлан-ғайыр кең болса, таңданған, қызыққан, жиренген, құмартқан, алған әсерлері сондай ұлан-асыр, байқаған-түйген парасат-пайымы соншама терең еді.

Бірақ оның мұншалық күрделі рухани әлеміне ерекше бір сындарлылық бітіріп тұрган әсер мен ой, сезім мен зерде, әуен мен бейне ара-жігін ажыратпай құшақ қауышып жататын шынайы адамилық, шынайы азаматтық кемелділік, Неге де болса, даму тұрғысынан қараған, диалектикалық серпін. Тоқмейіл тоғышарлыққа бой бергісі келмейтін шыншылдық пен уайым...

Азияның шетқақпай түкпірінде туып-өскен тұз ақынына мұндай рухани рационализм, адамгершіл максимализм қайдан бітіп жүр?.. Оның шығармаларына ол кездे Еуропаның өзі түгел мойындай қоймаған, адамды – басты тұлға, адамгершілікті – басты қасиет санайтын қайта өрлеу мұраттары, шын мәніндегі қайта құрушылық көзқарастар қайдан дарып жүр?

Оқыған кітаптан ба, заманнан ба, ортадан ба, күнде-күнде көз алдында көлбендең тұрган көңілсіз болмыстан ба?

Дұрысы – соңғысы. Қара басының өзі ел бағам деп, алыс-жұлыстан мезі болған, мыңмен жалғыз алысып, өбден қажыған сананы сарғайтқан, дүние түгел өзгеріп жатса да, өзгермей қойған дала тірлігі, қыр тұрмысы еді. Далиған даланың қай қырынан да көзге ұрып тұрган – мөлмиген мешеулік еді. Соны әлі ұғып болмаған аңғал жүрт еді.

Күні кеше өзінен өзгенің бәріне қүлетін ауылдастарын тыңдай жүріп, «бізден басқаның бәрі антұрған, ең тәуір халық біз екенбіз» деп ойлап қалған аңғал ұғыммен айналасына көз тастай барласа, кешегі келеке қылышп җүргендердің бәрі озып кеткен... Біреулердің «екпеген егіні жоқ, шығармаған жемісі жоқ», саудагеріне дейін «жүрмеген жері жоқ, қылмаған кәсібі жоқ». Біреулері «солдаттыққа да шыдайды, қазаға да шыдайды, молда, мәдресе сақтап, дін күтуге де шыдайды». Біреулерінің «біз құлы, күні құрлы да жоқпыз», «біріміз жалшы, біріміз қош алушымыз», «бағанағы мақтан құлген, қуанған қайда?» Абайдың ақыл-санасын түгел жаулап алған осы сауал. Бұның бәрін «елемеген кісінің не дүниеде, не ахиретте басы бір ауырмай қалмаса керек». Керенің басы ахиретте ауыра ма, жоқ па? Ал кемелдің басы бұл дүниеде жүріп-ақ дал болары сөзсіз. Бірақ ондай «үнемі уайым-қайғымен жүре аламыз ба? Үнемі қайғыға жан шыдай ма?»

Абайдың уайымы бір басының емес, халқының қамы. «Осы мен өзім – қазақпрын. Қазақты жақсы көрем бе, жек көрем бе? Егер жақсы көрсем қылықтарын қостасам керек еді... жек көрсем... сырлас, кеңестес болмасам керек еді, тобына бармай, ештене демей жатуым керек еді, не ортасынан көшіп кетуім керек еді?»

Тап осындай бетің ауған жаққа безіл кетердей дағдарысты бір кезде ұлы ұстаздары Йассауи, Қорқыт, Асан Қайғы да көріп еді. Біреуі уайымға беріле-беріле, жауап таптай, тірідей көрге кіріп кетіп еді, ал біреуі бүндай тығырықтан шығудың жолы құллі халқыңмен жаудың бетіндегі, желдің өтіндегі қырсық шалған қонысты тастап, жер ауыл кетуге үндеп еді.

Демек, біздің тұп дәстүріміз – рухани самарқаулық емес, рухани максимализм.

Демек, Абай да сол дәстүрден ауытқыған жоқ. Бірақ, жаңға жай таптыратын амалды – безіл кетер жән іздеуден емес, осы жерде, осы мекенде өз дегеніне қалай жетудің жолын іздеу деп санады. Желмая мініп, тұз кезіп кетпей, қолына қалам алып, ой кезіп кетті. Кезді де, «қайтпек керек?» деген қырсық сауалдың жан жұбатар жауабын тапты: **Өзгелер не істеп жатса соны істеу керек, «басқалармен қатар тұру керек!»**

Батыс пен Шығыс ғұламаларын ақтара-ақтара келіп, тапқан түйіні: Құдайдың өзі де рас, сөзі де рас; ол ешкімге арам бол, қанішер бол, масыл бол деген емес; ендеше құдайға құлақ аспай, құлық түзелмейді, құлқын түзелмей тұрып, құлқын арам ішкенін қоймайды, адалға жүрмей, адам түзелмейді; адам түзелмей, қоғам түзелмейді; халық түзелу үшін әркім жеке-жеке өзін-өзі түзеуі керек. Ол үшін «қуанбасқа қуанып, ұялмасқа ұялатынын» қоюы керек. Одан арылтатын жалғыз дауа: еңбек. Абайдың ұғымында: «Еңбек танымды арттырады. Еңбек естіген нәрсені бекіте түседі. Адам алған білімін ретке келтіреді, керектіні керексізден сұрыптаپ, ақылды болады». Сондықтан да ол еңбекті барша иғліктің негізі, оған деген сүйіспеншілікті адамдық өмірдің басты мәні мен мақсаты деп санайды. Ал жалқаулықты барша қырсықтың, одан туындастын жарамсақтықты барша қияннattyң, мақтаншақтықты түзелуден үмітін үзген бейшаралықтың тұп атасы деп түсіндіреді. Халықты «түзелмейтін қайыршыға» айналдырмайтын амал: «Егін, сауда, кәсіп, ғылым», – деп біледі. Ол тек ықжадаһат пен ынта бар жерде ғана жүзеге асады. Абайдың: «Құдай саған еңбек етуге жеткілікті күш берді. Бірақ сен еңбек етпейсің. Құдай саған ғылым берді. Бірақ сен оқымайсың. Құдай саған сана берді, сен оны жоғалттың. Сен ерінбей еңбек етсең, шыдамдылықпен іздел, пайдалы жұмыс жасасаң – бай болар едің», – деп жазғыратыны да сондықтан.

«Бай болар едің». Бұл сөз қазақтың құлағына ол кезде түгілі бұл кезде әлі түрлідей тиеді. Аспаннан тұскен бес кітаптың бесеуінде де бай болып,

дәулет жиуды нысапсыздықтың бірден-бір белгісі ретінде қарастырады. Арғы-бергінің не бір сұнғыла гуманистері де мұндай ақыл беруге дәттері бармаған. Тек Қайта өрлеудәуірінен кейінгі батыс Еуропалық протестантизм ойшылдары ғана дәулет жиып, мал табуды адамға бостандық әперетін ізгілікті іс деп дәріптей бастаған. Құллі шығыста осыған жуық қагиданы тек конфуцийшілдер ғана тілге тиек ете алған. Ендеше, «ағайында болса, ауызға тиеді», – деген қауымдық мінез-құлышпен отырған қазақ даласында өткен ғасырдың өзінде дәулетті адаптацияның келетін итілік санап, бай болуды адамгершілік мұрат санатына дейін әспеттеу Абай үшін нағыз жүрек жұтқан батырлық еді. Бірақ, Абай бас-басына мал тауып, дәулет жиуды кісінің қолына қараған кіріптарлықтан, біреуге көзін сатқан қызығаныш пен масылдықтан, содан өрбитін өштестік пен жауыздықтан, әлеуметтік көлігрілік пен енжарлықтан құтқаратын жол деп қарады. Оны бағаласа, үстемдікке жетудің емес, үстемдіктен бас арашалаудың амалы ретінде бағалады. Оған: «тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен оздым той демектің бәрі де – ақымақшылық», – деген пікірі айқын дәлел бола алады.

Ол тек еңбек етудің арқасында ғана адам моральдық жағынан кемелденіп, отбасына, жас үрпақ тәрбиесіне, аталық, аналық, достық, жолдастық, туысқандық парызға деген көзқарасты өзгерте алады деп санайды. Әйтпесе, атадан қалған малға масаттанған масыл, ел үстінен күн көрген жымысқы, өзгедегіге көз сүзген өлермен бақастық пен үрлықты, жалқаулық пен жарамсақтықты, қатыгездік пен найсаптықты өршітпесе, үй құлқын да, түз құлқын да түзей алмайды.

Абай барша ұғымның шын мәнін ашып беретін бірden бір өлшем – еңбекке көзқарас деп санайды. «Алтыншы сөзінен» мына бір үзіндіні келтірейікші: «Қазақ айтады: «Бірлік болмай тірлік болмайды», – деп. Сондағы айтып отырғаны қай бірлік?.. Қазақ ойлайды: ат ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса екен, – дейді. Олай болғанда байлықтан не пайда; кедейліктен не зиян? Ағайын құрымай мал іздел не керек? Осы ма бірлік? Жоқ, бірлік – ақылға бірлік, малға бірлік емес... Бірлік малға сатылса – антүргандық... Ағайын алмай бірлік қылсын... сонда әркім несібесін құдайдан тілейді, не шаруа іздейді... Әйтпесе, әуелі біріне-бірі пәле іздейді... мұның қай жерінен бірлік шықты?

– Мұстафа Кемаль Ататүріктің тегі еуропалық түрік екені баршаға мәлім. Оның саясаткер екендігі жөніндегі көзқарас бұдан әлдеқайда күрделі. Бірақ ол «империя кешенінен» аттап өтіп, Түркияның дүние жүзіндегі лайық та жаңа орнын мейлінше дәл таба білді. Ол түріктерді өздеріне тіпті өзгеше көзбен қарауға мәжбүр етті. Сөйтіп Түркия еуропалық елдердің даму жолына түсті де зор табыстарға қол жеткізді. Күні өтіп келмеске кеткен империяны көксеп, көз жасын көлдетуге жол бермей, аяғын апыл-тапыл басқан жаңа

мемлекетті нақты жасампаздық жұмысқа жұмылдыру тіпті де оп-оңай іс емес. Ататүрік түрік халқын Осман империясын қайта орнатуға шақырган тудың астына топтастырыған жоқ, қайта өздерінің ұлттық мемлекетін құру идеясына жұмылдыра білді. Маган тап қазір Ресей үшін осындай адамдар керек сияқты болып көрінеді де тұрады. Егер Де Голль туралы президент ретінде сөз қозғайтын болсақ, онда оның жоғарыдан тәмен қарай өте тиімді тік өкімет билігін құра білгенін, Францияның саясаты мен экономикасында жаңа тәртіп орната алғандығын, бірақ соның өзінде де оны диктатор деп атау ешкімнің де ойына келмегенін айттар едім. Шамасы тарихи ұлылық тақырыбындағы әңгіме шығыс халықтарына тән дәстүр бойынша реті келіп тұрган бір тағылымды өсиет әңгімемен «доғару» болар. Бір күні Рим императорынан: «Сіз соншалықты ұлы адам болсаныз да, өзінізге лайықты ескерткіш тұрғызыбауыңыздың сыры неде?» деп сұрапты дейді. Сонда ол: «Мен өзімнен кейінгі ұрпақтың «Мына ескерткіш кімнің құрметіне тұрғызылған?» деп сұраганын қаламаймын. Одан гөрі олардың «Бізде соншалықты ұлы адам болып еді гой, оған осы уақытқа дейін неге ескерткіш тұрғызылмаған?» деп таңдана сұрағаны жақсы» деп жауап беріпті.

Тілші:

– Өлгі мемлекеттік қайраткерлердің екеуі де өздерінің халықтарына жаңа идеология жасап bere білді. Ол идеологияның неізгі қагидалары күні бүгінге дейін Францияда да, Түркияда да қайта қаралып көрген жоқ. Қазақстанда оның өзіне тән мемлекеттік идеология қалыптастыру әрекеттері бар ма? Егер бар болса оның негізгі қагидаттары қандай?

Н. Назарбаев:

– Қазақстан Республикасының Конституциясында Қазақстан идеологияның әр алуандығын танитын мемлекет екендігі жазылған. Мұның өзі – бізде кез келген пікір алуандығына жау қандай да болсын бір ғана тоталитарлық идеологияға жол бермеудің сенімді кепілі. Біз құқықты, демократиялық, азаматтық қоғам құрып жатырмыз. Олай болса, идеология жөнінде сөз еткенде халықтың тұрмыс-тіршілігінің, ойлау жүйесінің өзіндік ерекшеліктерін мұқият ескеру керек. Бұл жерде кімнің қай аймақта тұратындығының, табиғи байлық түрлерінің, елдің қай жерде орналасқандығының, оның халықаралық еңбек бөлісінде атқаратын рөлінің және басқа да жайлардың маңызы зор екендігін де ескеру қажет. Әйткені, мұның бәрі де идеологияға ықпал етпей қоймайды. Қазақ халқында ежелден бері ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан өз дәстүрлері бар. Ал, оларды қазір мемлекеттіңде қалыптасып отырган жаңа саяси және экономикалық жүйеге қалай икемдеуге болады? Әрине, бұл ретте адамдардың ескі мен жаңа атаулының қай-қайсынан болса да ең таңдаулы қазыналарды таңдағанын қатты қалайсың. Әйткені, мұның өзі Қазақстандағы барша жүрттың, қайсысы қай ұлттың өкілі екендігіне қарамай, өздерін осы елдің

лайықты азаматтары, патриоттары болуға ықпалын тигізсе дейсің. Қарап тұрсақ, американдықтардың немесе жапондықтардың өздерінің ұлттық қазыналарына деген құрметі мен құштарлығы олардың ұлттық қазыналар жөніндегі бұл үғымға халықтың өте жоғары әл-ауқат дәрежесін де енгізетіні тіпті де құпия нәрсе емес екен. Қазақстандағы адамдардың барлығының да бай әрі жарасымды өмір сүруге жетуі үшін біздің де оған ұмтылуымыз керек. Менің мұратым – жан-жақты қамтамасыз етілген адамдардың қоғамын орнатуға қол жеткізу. Бірақ бұл процесті президенттің жарлығымен де, парламенттің шешімімен де шашаңдатуға болмайды. Менің ойымша ең жақсы идеология – өмірдің өзінен туындайтын идеология. Біз өз мемлекетімізді енді-енді ғана құрып келе жатырмыз, ұдайы ізденіс үстіндеміз, өтпелі кезеңді бастан кешірудеміз. Сондықтан да мен әлдебір жаңа идеологияны түпкілікті әрі біржола тұжырымдап қойдық деп айта алмаймын. Біздің қазыналарымыз, ұлттық идеологиямыз өмірдің өзімен бірге пайда болып, даму үстінде. Бірақ мен бір нәрсені нық айтып, берік уәде бере аламын: Қазақстанда адамды еңсесінен басатын мемлекет орнамайды.

Тілші:

– Қалай дегенде де интеграция жасау инициативасын көтеру жағынан Сіз ТМД әлдерінің басшыларының бәрінің арасында бірінші тұрсыз. Ал, Еуразиялық одақ құру жөніндегі Сіздің соншалықты құшті пікір таласын тудырған ұсынысыңызды идеология емес деп кім айта алады? Бұл ұсынысыңыз жөнінде сан алуан пікір бар. Біреулер мұның өзі Назарбаевтың Ресей ресурстарын бұдан былай да өзіне тартма түсүі үшін керек болыпты-мыс деп соғады. Немесе: «Ол реті келіп тұрғанда осы одақтың басында өзі болғанын көргісі келе ме екен?» деп пайымдаушылар да бар.

Н. Назарбаев:

– Ресурстарды «тарту» мәселесіне келетін болсақ, онда дүние жүзіндегі экономикалық қарым-қатынастардың бүгінгі таңдағы дәрежесі мен оған орнатылған бақылаудың құштілігі сонша, қазір бір елдің байлығы екінші бір елдің тегін иемденуі немесе қандай да бір елеулі мөлшерде оны өзіне «тарта түсүі» ешкімнің де қолынан келмейтін іске айналды. Ал, Қазақстан кімнің де болса, соның ішінде Ресейдің де, ресурстарын өзіне «тартпай-ақ», өз күнін өзі көре алады және дами береді. Мұны өмірдің өзі көрсетіп отыр. Бұл ретте Қазақстан мен Ресей бір-біріне өте тиімді экономикалық байланыстары мен рыноктарынан айырылып қалуы мүмкін десек, әңгіме тіпті басқаша. Екінші пайымдау да ешқандай сын көтермейді. Маған бір ғана Қазақстанның өзі де жетіл артылады.

Тілші:

– Өзара тиімді интеграцияға бағыт ұстауды идеология деп санауга бола ма, болмай ма? Шынын айтсам, мен мұны білмеймін. Ал интеграцияға,

өздерін таяу және алыс көршілтерімен қарым-қатынасын ақылға қонымды етіп реттеуге дүние жүзінің барлық елдері ынты-шынтымен ұмтылып отырғаны анық. Еуропа одағы, Араб мемлекеттерінің лигасы, Оңтүстік Америка мемлекеттерінің, Азия-Тынық мұхит аймағындағы мемлекеттердің бірлестіктегі де тап осылай істел отыр. Олар өзара қарым-қатынасты тереңдете түсіп, саяси және экономикалық проблемалардың өзара қабылдауға болатын шешімдерін іздестіріп табуға ұмтылады. Бұдан олардың мемлекеттік мұдделері тек қана ұтып шығады.

Н. Назарбаев:

– Өкінішке орай ТМД өзіне артылған бұл үмітті тіпті де жеткілікті дәрежеде ақтай алған жоқ. Соңғы бір-екі жылдың тәжірибесінен көрініп отырғанындей, егемен мемлекеттердің тек қана ТМД шенберінде дамуы оларды қөптеген бағыттар бойынша, экономиканы былай қойғанда, саясат, ғылым, мәдениет, халықта білім беру салалары бойынша да бір-бірінен алшақтатып барады. Мұндай жағдай ТМД халықтарының ойынан шығады деп айтуда бола қоймайды. Ал, олар экономикалық дағдарыстың негізгі ауыртпалығын өз иықтарымен көтеріп келе жатқаны анық. Адамдар неғұрлым тығыз ынтымақтастықты қолдайтындықтарын мейлінше айқын білдіруде. Олар ТМД елдерін түгел қамтып отырған қазіргі аса ауыр экономикалық дағдарысты өзара күш-жігер біріктіру арқылы ортақ тіршілік кеңістігін «жақартпай тұрып» жеңіп шығу мүмкін емес екендігін, әйтеуір егемендік туы астында өз еркімен томага тұйық тіршілік ету дегеніміз жалпы алғанда ілгері жылжу емес, кері кету және тоталитарлық дағдарысқа ұшырау болып табылатынын жақсы түсіне бастады. Мұның өзі интеграцияға деген шақыруды егемендікке қарсы әрекет деп қарастыратын, саяси басқарудың кешегі күні өткен орталықтандырылған жүйесін қайта қалпына келтіруді көксейтін билеуші саяси ақсүйек топтың да, өз халықтарының мұдделерін «білдіруші», оны «бірден-бір қорғаушы» ретінде көрсетуге тырысатын ұлтшыл-радикалдардың да мақсаттарына қарама-қайшы келетіні әбден табиғи нәрсе.

Еуразиялық одақтың ТМД-ның өз ішінде және онымен қатар қалыптасуы, бір жағынан, кешегі кеңестік дәуірден кейінгі тәуелсіз мемлекеттерге қажет болып отырған тарихи келісім, екінші жағынан, елдер мен халықтардың болашақтағы бірлестігінің қазіргіден әлдеқайда жоғары дәрежедегі үлгі-әнегесі бола алар еді.

Тілші:

– Кешегі КСРО-ның кең-байтақ кеңістігінде қазір пайдада болған мемлекеттердің 2000 жылға қарай ішінара өзара қосылуы жүзеге асады-мыс дегенді құптаітын әлде Орталық барлау басқармасының, әлде АҚШ Мемлекеттік департаментінің бір құпия құжаты бар деген сыйбыс естіледі. Ресей Мемлекеттік Думасының спикері Иван Рыбкин:

«Біз келісмеге келуге мәжбүрміз» деп ұдайы қайталауға құмар-ақ. Ал, Сіз «Біз интеграция жасауға мәжбүрміз» дегенді жиі айтасыз. Бірақ өзара ынтымақтастықты белгілі бір мақсаттармен барған сайын шектеп отырған, Украинаның Ресеймен, немесе Кіндік Азия елдерімен дамудың жүргіттаныған демократиялық нормаларымен тіпті де сыйыса бермейтін, қоғам өмірінің жекелеген салаларын исламдандыруға жол беретін улгісін таңдал алған Туркіменстанмен, Өзбекстанмен интеграция жасасуы қалайша мүмкін болмақ?

Барлық ерекшелік атаяулыны боямалап көрсетіп, тігісін жатқызу, халықтардың біртұтас ортақ өлшемге келтіру тек КСРО жағдайындаған мүмкін болды емес пе?

Н. Назарбаев:

– Біріншіден, мен әр халықтың өздері қалаған таңдауын, әсіресе қындығы мол өтпелі кезеңдегі таңдауын құрметтеу жағындағын. Екіншіден, Еуразия одағының жобасы кешегі КСРО-ны қайта тірлітүге шақыру болуы ешқашанда мүмкін емес. Интеграция күні өткен империяға, өктемдік пен мәжбүр етуге негізделген одаққа қайта оралу дегенді тіпті де білдірмейді. Бұрынғы республикалардың тәуелсіздігі нақты өмір шындығына айналды, нақты мазмұнмен толыға түсті, халықтардың санасына мықтап сінді. Мұның Қазақстанға да толық қатысы бар. Уақытты кері бұруға ешкімнің де шамасы келмейді. КСРО-ны қалпына келтіруге қолдан келгеннің бәрін де, соның ішінде күш қолдану тәсілдерін де, пайдалануға үмтүлу – тарихи тығырыққа алып барып тірелтін жол. Тоталитарлық мемлекетті қайта құруға тырысу дегеніміз біз үшін ұлтаралық шиеленісті ушықтыру; тұрақсыздық пен қақтығыстар болып жататын аймақтарды көнектізу, реформалардың жүргізу қарқының тәжеу, тіпті толық тоқтату сияқты тым қымбатқа түсетін жағдайларға душар ету болып табылар еді. Еуразия одағын қалыптастыру мен іске қосудың ұсынылып отырған принциптері оған қатысушы елдердің мемлекеттік елемендерінде ешқандай да нұқсан келтірмей-ақ, экономикалық реформаларды неғұрлым табысты жүргізуіне, халықаралық енбек бөлісіне белсене қатысұына; сыртқы экономикалық қызметті өздерінше дербес жүргізуіне мүмкіндік берер еді. Ал егер бүтінгі таңда ТМД-ның кейбір елдері Ресейге қарап бағдар ұстаудан бас тартып отырса, мұның өзі Ресейдің олардың көкейіне қонымын интеграциялық бағдарлама ұсына алмай отырғандығынан ғана деп түсіндіруге болады. Ал, ондай бағдарламаның бірінші тармағы барлық жаңа тәуелсіз мемлекеттердің бір-бірімен терезесі тен екендігін іс жүзінде мойындау болуы тиіс. Ресей өзінің геостратегиялық мұдделерінің қандай екендігін мүмкіндігінше тезірек айқындауы тиіс. Әйткені уақыт тез өтіп барады. ТМД елдеріндегі «алауыздық пен толкулардың» орын алып отыруы әрбір республиканың өзінің экономикалық және геосаяси міндеттерін жеке-жеке шешуге мәжбүр болып жүргендігінен екені де рас. Әлсіздің өзіне ұнамды одақтас таңдай алмайтыны, қайта өзінен құштіге бағынуға мәжбүр болатыны ежелден белгілі.

Тілші:

– Мұның бәрі де дұрыс қой. Бірақ «Ресейдің геостратегиялық мүдделері» деген ұғым оның ТМД елдерімен қарым-қатынастарының ғана шенберінен асып кетеді емес пе?

Н. Назарбаев:

– Сөзсіз солай. Еуразияның дәл ортасында орналасқан бізге Батыста халықаралық қауіпсіздіктің жаңа жүйелерін құру процесі жүріп жатқаны айқын көрініп тұр. Мысалы, НАТО шығысқа қарай мейлінше белсененділікпен ентелей отырып, Ресейдің шептеріне де тақап қалды. Шығыста және Оңтүстік-Шығыста Азия елдері саяси және әскери өзара іс-қимыл жасау әрекеттерінің жолдарын өз құрылымдарының шенберінде іздестіруде. Егер географиялық картада көз жүгіртетін болсақ, Еуразия елдерінің біртұтас вертикаль қатары солтүстіктегі Ресейден бастап, оңтүстіктегі Үндістанға дейін (Кіндік Азия елдері, Иран, Пәкістан) әзірше Шығысқа да, Батысқа да қосылмай отырғандығын оп-оңай көреміз. Мен осы бір Еуразия орталығындағы меридиан бойына орналасқан елдердің біртұтас геосаяси белдеуін «аңысын аңдаған белдеу» деп атар едім. Бұл елдердің арасында өзіндік айырмашылықтардың алуан түрлері бар екендігіне қарамастан, олар өздерінің потенциалдық мүмкіндіктері, Азиядағы немесе Еуропадағы күштердің тепе-тендігіне ғана емес, сонымен қатар дүниежүзілік геосаяси тепе-тендікке де ықпалын тигізе алғатындығы тұрғысына қараганда біртұтас жатқан болып табылады. Еуропадағы және әсіресе Азиядағы қауіпсіздік Батыс Еуропа мен Оңтүстік-Шығыс Азияның дүниежүзілік экономикалық орталықтарының арасындағы қарым-қатынастар белгілі бір дәрежеде осы «аңысын аңдаған белдеудегі» елдердің ұстанатын позициясы мен бағдарын қалай айқындастырына байланысты.

Бұл елдердің арасындағы ең ірі және әзірше күшті де ел Ресей болып табылады. Дүние жүзіндегі және әсіресе Еуразиядағы тұрақтылықтың сақталуы оның таңдауына елеулі дәрежеде байланысты. Менің ойымша, Ресейдің үш түрлі таңдау мүмкіндігі бар. Біріншісі – батысеуропалық ағымдарға қосылу. Бірақ мұны онда ешкім де жібермейді. Екіншісі – Шығыс Азия құрылымдарына қосылу. Мұны онда да күтіп отырған ешкім жоқ. Енді, ақыр аяғында, үшіншісі – «аңысын аңдаған белдеудегі» елдерді ерекше топқа біріктіруге, сөйтіп Еуразия құрылышындағы қауіпсіздіктің жаңа жүйесін құруға ұмтылу. Ал бұл топтагы өзге елдердің таңдауы екеу ғана – не Шығысқа бой ұру, не қауіпсіздік жүйесін Ресейдің қатысуының құру. Қазақстан Ресейдің Еуразиядағы «аңысын аңдаған белдеуде» жатқан елдерді біріктіруде Ресейге көмектесе алар еді. Біріншіден, Қазақстан басқа да Кіндік Азия мемлекеттерімен – КСРО-ның бүрынғы республикаларымен бірге Кіндік Азиядағы бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауға бағытталған саясат жүргізіп келеді. Екіншіден, Қазақстан халықаралық қауіпсіздік пен қарузыздану саласында ТМД шенберінде барынша белсененділік танытып

отыр. Үшіншіден, Қазақстан Азияда өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес шақыруға инициатива білдірді. Төртіншіден, Қазақстан ЕҚЫҰ-ның, «Бейбітшілік жолындағы әріптестік» бағдарламасының, СШҚ-1-дің, сондай-ақ қарузыздану жөніндегі комиссияның жұмысына қатысады. Бір сөзben айтқанда, Ресей үшін оның Азияға қарай бұрыу кезінде Қазақстанның артық әріптес таба алмайтыны анық.

Тілші:

– Жыуырда Ресей президенті Борис Ельцин де ТМД шенберінде негұрлым тығыз ынтымақтастық орнату жағында екенін айтты ғой...

Н. Назарбаев:

– ТМД-ға қатысты декларациялардың көпшілігі таза сипатта болып келеді және әйтеуір бір елдегі ішкі саяси жағдайдың өзгеруі мүн екен – көп ұзамай ұмыт болады. Ресей Президенті Босниядағы дағдарыс күндерінде негұрлым тығыз ынтымақтастықты жақтایтынын білдірді. Өйткені, ол кездे Ресей жаңа әріптестері тарапынан айыл жимаған батыл әрекетке тап болды да өзінің жеке қалғанын жете сезінді. Дегенмен президенттің ол мәлімдемесі шын жүректен шықкан болар деп сенгім келеді. Алайда оның бұл мәселе жөнінде негұрлым достық сезіммен, тек Ресейдің ғана өз мүдделерін айырықша атап көрсетумен шектелмей-ақ, ТМД-дағы өз әріптестерінің де ұмыт қалдырымауына әбден болатын еді. Мұның өзі Ресейдің, әсіресе, ТМД-да терағалық етуіне сенім білдірген кезенде барынша қажет еді. Алайда Ресейдің саясаткерлері кейде, өкінішке орай, өздерін тіпті басқаша жағынан көрсетеді. Бұл ретте Александр Шохин мен Борис Федоровтың Қазақстанның рубль аймағынан шығарып тастау үшін ғана оны қолын қайырғандай етіп қинағаны есіме түсіп отыр. Олар рубль аймағының келешекте болмайтынын сол кездің өзінде-ақ жақсы білген еді. Бірақ, неге екенін қайдам, бізді өз айтқандарына үздіксіз көндіре беру үшін қайдағы бір адам таң қаларлық өтірік ойынды одан әрі жалғастырудан тіпті де танған жоқ.

Тілші:

– Еуразия одагы жобасынан Қазақстанның көзделеп отырган мүддесі қандай?

Н. Назарбаев:

– Қазақстанның бұл жобаның жүзеге асуына, ТМД-ның өзге де мемлекеттері, атап айтқанда, ең алдымен Ресей сияқты мүдделі болуына бірнеше себеп бар. Өйткені елімізде экономика құрылымы қайта жасала бастады. Біз жұмыссыздыққа, халықтың әл-ауқат дәрежесінің төмендеуіне, әлеуметтік шиеленістің арта түсіне тап болдық. Өнім өткізетін дәстүрлі рыноктарымызды, ең алдымен Ресейдегі рынокты, толық көлемінде қалпына келтіріп, қайтадан құру арқылы – өзірше бұл көп жылдар бойы

әріптестерімізben арада үзіліп қалған байланыстарымызды қайта орнату саласында ғана мүмкін болып отыр – біз өзімізде орын алған дағдарыстың зардабын едәүір женілдете аламыз деп үміттенеміз. ТМД-ның онтүстік шебіндегі кейбір телімдерде қалыптасқан шиеленістерді ескере отырып, біз бұл жаңа одақ Қазақстанның сыртқы қауіпсіздігін қамтамасыз етудің кепілі бола алар еді деп санаймыз. Еуразия одағына мүше елдердің сыртқы қауіпсіздігі дегеніміз олардың ішкі саяси тұрақтылығының қажетті шарты. Еуразия одағына енудің міндетті түрдегі шарты оған қатысушы мүше елдердің бір-біріне қарсы соғыс қимылдарын тоқтатуы, экономикалық тосқауыл қоюға және де басқа да жазалау әрекеттеріне жол бермеу болуы тиіс. Қорғаныс одағының шенберінде этносаралық және мемлекеттің өз ішіндегі мүмкін болатын шиеленістер мен қақтығыстарға жол бермеуді алдын ала қамтамасыз ете алатын тиімді механизм құруға болатын еді. Интеграцияның жаңа деңгейі жаңа шекаралардың әрқайсысы әр жағында қалып қойған қыруар мол адамдардың күнделікті көкейкесті проблемаларын шешуге мүмкіндік туғызар еді. Бір кездегі біртұтас кеңістікте адамдардың кәдімгі байланыстарын қалпына келтірудің, өмір сұрудің қолайлы жағдайларын жасаудың несі жаман?

Тілші:

– Сіздің еуразиялық меридиан бойында жаңа геосаяси бірлестік құру жөніндегі ой-пікіріңіз өте қызықты екен. Алайда, православие, ислам, буддизм сияқты алуан түрлі дінге табынатын халықтар өздерінің қауымдастығын дұрыс түсініп, дұрыс қабылдай қояр ма екен? Айтпақшы, Нұрсұлтан Әбішұлы, осы жұрт Сізді қажыға барып келді, Ватиканда Рим Папасымен кездесті, Алматыда Мәскеу мен Бүкіл Рұсь патриархы Алексий II-ні қабылдады деп жүр. Сіз өзіңізді діншіл, Құдайға сенетін адаммын деп айта аласыз ба?

Н. Назарбаев:

– Жер бетіндегі діндер, өсіреле христиан діні мен ислам, өздерінің негізгі қағидалары жағынан бір-бірімен барынша ұқсас. Жақын жандарды жақсы көру, қиналғандарға қол ұшын беру, кедейлер мен мұсәпірлерді аяу, мұсіркеу қағидалары – христиан дінінде де, ислам дінінде де бар қасиеттер. Дінге берілген адамдар – мұсылмандар да, христиандар да – қылмыс жасаудан, құнәға батудан тартынады, ол үшін Қиямет қайымда жауап береміз, жазамызды тартамыз деп қорқады. Аға ұрпақ діни өсисеттерді ұмытпаған еді, сондықтан да олар коммунистік идеология күйреген кезде өздерінің бағдарынан жаңылған жоқ. Ал, жастарға бұл жағынан қынырақ тиіп жүр. Олар атеист болудан қазірдің өзінде қалды, бірақ оларды дінге сенеді деп те айта алмайсыз – не арыда жоқ, не беріде жоқ. Маған рухани күш, яғни адамның жан дүниесінің тазалығы, және діни сенім бір-бірімен тығыз байланысып, қатар жүретін сияқты көрінеді де тұрады. Адам әуелі рухани

жағынан жетілуге қадам жасайды да, содан кейін құдайды мойындал, оған жақындай түседі. Мұсылман діні мен христиан діні – Қазақстанның рухани дүниесінің қос қанаты.

Италияға реєрсіз сапармен барған кезімде менің Рим Папасымен кездескенім рас. Ол кісі маған қатты әсер етті. Кездесуге кереметтей жақсы өзірленген екен – Қазақстанның алдында тұрған проблемалар төңірегінде емін-еркін, көсіле сөйлеп отырды. Әрине, ол кісі қазір дүниеде не болып жатқанын өте жақсы біледі және қай мәселе жөнінде болса да өз пікірін айта алады. Мен Ватиканға кіші қызыым Әлияны ерте барған едім, Рим Папасының оған бата беруін өтіндім. Папа сұқ саусағын шошайта беріп еді, бірақ қыздың жүзіне қарай салып, шамасы, оның не христиан дінінде, не католик дінінде емес екенін байқап қалып, саусағын Әлияның майдайына тақаған бойда қалшиып қатты да қалды. Менде тап осы сәтті түсіріп алған фотосурет естелік ретінде сақтаулы.

Біз Папамен қырық минут әңгімелестік. Мен оған қазір барлық халықтардың өздеріне рухани сүйеніш іздеуде екенін, бұдан былай қалай өмір сүруді білгісі келетінін айттым. XXI ғасыр ең негізгі екі діннің – христиан діні мен ислам дінінің бір-бірімен түсінісіп, біржола табысу ғасыры болуы тиіс дедім. Ол менің бұл пікіріммен келісті. Бірақ, мен оған осы сапарымда әлі Меккеге, Сауд Арабиясына да баратынымды айтқанда, олардың Рим шіркеуін тіпті де мойында майтынын айтып шағынды, мұсылмандардың дінбасылары негұрлым төзімдірек болуы керек қой дегенді айтты. Ал, адамдарда оларды таңдау құқығы, ождан бостандығы болуға тиісті. Папа бізді өзінің қала сыртындағы резиденциясында қабылдаған болатын. Сондағы кездесуге қатысқандардың әрқайсысына естелік сыйлық тапсыруды да қажет деп білді.

Мен содан кейін Меккеде болдым. Король Фахд Абдель Әзизбен екі жарым сағат шамасында сұхбаттастым. Біз сағат 11-де кездестік. Ол арадағы тәртіп осындағы екен. Әйткені, онда күндіз ыстық болатындығынан да шығар. Қазақстан – Ислам діні тараған ең шеткі солтүстік-шығыс аймақ. Король сол аймақтан келген адаммен кездесу өзі үшін өте ғанибет екендігін айтты. Мені Рим Папасының да, Сауд Арабиясы королінің де ақжарқын адаптациялық риза етті. Олар дінге шын мәнінде беріле сенген жандар екеніне көзім жетті. Оларда бір мысқал да аярлық жоқ. Ал, мен олармен әңгіме үстінде «Осы мен өзі кіммін – бұрынғы коммунистің бе, дінге табынушымын ба, әлде атеистің бе?» деген ойдың тұтқынында болдым. Дінге біржола беріліп, Құдайға сенген адамдармен әңгімелескен кезде мен үдайы осындағы ой үстінде боламын. Ондай кезде мен Құдайға жақын болуы үшін оған қарай өмір бойы сапар шегуі керек дегенді ғана жұбаныш етемін. Құдайға құлшылық ету жас кезде де, егде тартқанда да жарасады.

Сауд Арабиясының королі маған өте қызық бір жәйтті айтты. Осыдан бірнеше ғасыр бұрын Арабия отаршылдық езгіде болып келген еді. Бірақ, Алла тағала оған аяқ астынан көл-көсір байлық береді. Бұл ел содан кейін

ғана бостандыққа ие болады. «Егер Алла тағала бізді тәуелсіз ел етсе, бізге соншалықты мол байлық сыйласа, – деді король, – онда біз ол байлықтың белгілі бір бөлігін оның өзіне неге қайтармауымыз керек?» Менің «Қағбадағы мешітті салу үшін 100 миллиард американ доллары жұмсалғаны, ал ол жерде дәл қазір бір мезгілде екі жарым миллион мұсылманның Құдайға құлшылық етуіне мүмкіндік бар еkenірас па?» деген сұрағыма ол осылай жауап берді. Мен ол мешітті көргенде қайран қалдым. Оның бірінші қабаты да, айнала төнірегіндегі алан да, ұстын тіреулер де тек қана аппақ итальян мәрмәрінен қаланыпты. Бұл мешіттің ішінде тұрып көюкиекке көз жеткізу мүмкін емес – өйткені шексіз мол ұстын-тіреулердің қалың қатары көюкиекті қалқалап тұр. Әрбір ұстын-тіреудің жаңына кондиционер орнатылған. Мешіттің есігі ешқашан жабылмайды, әрқашан ашық. Ал далада аспан айналып түскендей ыстық. Кондиционерлер сонда болса да салқын ауаны қамтамасыз ете алады еken. Корольдің сондағы айтқаны: «Біз Алла тағаланың өзі бергенін, оның өзінен неге аяп қалуымыз керек?». Сауд Арабиясы қасиетті орындарды лайықты да дұрыс ұстауы үшін, дүниенің түкпір-түкпірінен зиярат етіп келушілерге қажетті жағдайлар туғызы үшін шын мәнінде қыруар қаржы жұмсап отыр. Олар бұған саналы түрде барып жүр. Ал, менің ойымша, бұл тіпті олар үшін оңайға түсіп жүрген жоқ.

Бұрын коммунистік жүйенің басшылары шіркеу иерархиясының екілдерімен өте сирек кездесетін еді. Олар тәуелсіз мемлекеттердің басшылығына келгеннен кейін ғана кездесе бастады. Содан кейін ғана олардың өте білімді, құрметке лайық адамдар еkenіне көздерін жеткізді. Мен патриарх Алексиймен бірнеше рет кездестім. Оны қатты құрметтеймін. Ол – өте ақылды, табиғатынан ортақ тіл тауып, адамдарды бір-бірмен табыстыруыш азамат. Мұндай қасиет дәл қазір өте маңызды. Мені қатты толқытып, риза еткен бір нәрсе оның мен жіберген шақыруды қабыл алып, Алматыға арнайы келуі болды.

Оның бізде болып, көрген-білгеніне көнілі толып, ризашылықпен аттанғанына қуаныштымын. Мұндай кездесулер аса пайдалы. Қазақстанда біздің Конституциямыз бойынша, дін мемлекеттен бөлек, дербес болып табылады. Дін жолындағы ашықтан-ашық партиялар мен қозғалыстардың болуына рұқсат жоқ. Бірақ біз барлық діндердің емін-еркін дамуы үшін жағдай жасаймыз. Бұқіл республикамыз бойынша діни құрылыстарды мұсылмандар мен христиандардың өздеріне қайтарып беріп жатырмыз.

Тілші:

– Нұрсұлтан Әбішұлы, Сіз берілген сұраққа бәрібір нақты жауап қайтарған жоқсыз...

Н. Назарбаев:

– Мен өзімнің бір кезде коммунист болғанымды жоққа шығара алмаймын. Сондықтан да бұл сұрағыңызға жауап беру мен үшін қыын-ақ. Өзімнің

шыққан тегімді алатын болсақ, мен мұсылманымын. Мен жарық дүниеге келгенде әжем марқұм тірі екен. Ол кісі мені өз бауырында тәрбиелеп өсірді. Әжемнің құдайға құлшылық етіп, күн сайын бес уақыт намазын үзбегені өлі есімде. Мениң сегізінші атам – Қарасай батыр. Ол кісі – ұлы адам. 1640-1680 жылдарда ол кісі көптеген ерлік көрсеткен болатын. Ол кез Жонғар шапқыншылығына тұспа-тұс келген-ди. Міне, сол кезде ол бүкіл қазақ жауынгерлерінің қолбасшысы болды. Қарасай батырдың даңқын шығарған ерлігі – ол ор қазу тактикасын тұнғыш рет жонғарларға қолданып соғысқаны. Оның қол астындағы 600 жауынгер таудың тар шатқалында бекініп алып, дүшпанның 10 000 адамдық армиясына қарсы тұрды, шабуылына төтеп берді. Леонид патшаның парсы әскерлерінің бетін қайтарған үш спарталық жауынгері сияқты олар да жауды ел шетіне өткізбей қойды. Әжем марқұм маған: «Қиналған кезінде Қарасай батырдың әруағына сыйынып жур, ол сені қолдап, желеп-жебейді» деп әрқашан айтып отыруши еді. Ал, мен бұған шынында да сенемін. Өз өмірімде мен талай рет қыын-қыстау жағдайларға тап болдым. Бірақ, әйтеуір, соның бәрінен де аман-есен құтылыш жүрдім. Бәлкім, бұл өзімді-өзім иландыруым да болар? Әрбір адам өзінің бойында, мейлі ол не айтса, оны айтсын, өзін қаншалықты атеист санай берсін, әйтеуір бір сенімнің бар екенін айқын сезінеді – Құдайдан үмітін үзбейді. Мұндай сезім керек десеніз, әрбір кеңес коммунистің бойында да болды. Пасха мейрамы кезінде мен православие шіркеуіне барып тұрамын. Ал Рамазан мерекесі кезінде мұсылман мешітінде боламын. Бұл айтып отырғаным Құдайға сенушілердің ілтишатына бөлентісі келетін саясаткер адамның жылтырауық жалаң сөзі емес. Мен мұның бәрін шын ниетіммен жасаймын. Өйткені, мен мұсылмандар да, христиандар да мекендейтін мемлекеттің Президентімін ғой. Ал, олармен бәріміз бір елдің азаматтарымыз, олар менің сайлаушыларым. Сондықтан да олар сенген нәрсеге менің де сенуім керек. Құдайдың бар екеніне де, бір екеніне де сенемін. Ал адамдар оған әртүрлі жопдармен жетуге үмтүлады.

Тілші:

– Нұрсұлтан Әбішұлы, қатардағы қарапайым адамдардың мұн-зары, шағымы Сізге жете ме? Ресейде ежелден бері былай деп саналып келді: патша, әмірші, президент дегендер тым жоғарыда отырады, халықтың қайғы-қасиretтің көріп-біле бермейді. Егер өзінізді Қазақстанның қатардағы қарапайым азаматының орнына қойып көрсөніз, өз қызметіңізге қандай баға берер едіңіз?

Н. Назарбаев:

– Шынымды айтар болсам, көшеде қатардағы қарапайым адамдардың жанынан сұліктей қара лимузинмен жүйіткітіп өтіп бара жатқан кезімде мен осы уақытқа дейін үяламын, бір түрлі ыңғайсыздық сезінемін. Шамасы бұл өзімнің қарапайым жұмысшы қатарынан шыққандығымнан да болар –

менің кәсібім металлург қой. Жүйіткітіп өте шыққан мәшинемнің соңынан қарап тұрған жұрттың ойында не бар екені мені қатты толғантады. Ондай кезде өзіме-өзім: егер мен адамдардың тұрмысын жақсарту үшін, не ішемін, не килемін дегізбейтіндегі молшылық орнату үшін, бейбіт күнде алаңсыз, құйзеліссіз өмір сұруі үшін өз қолымнан келетін нәрсенің бәрін де жасайтын болсам, онда олар менің өздерінің жанынан қара лимузинмен қалай жүйіткіп өте шықсам да кешіретін болады дегенді айтамын.

Дегенмен, әрине тап қазір мені жұрттың бәрі бірдей жақсы көреді деп үміт артуым тым қыын, тіпті мүмкін де емес дерлік. Олай деп ойлауға да тұрмайды. Халық біртұтас мемлекеттің қүйреуі, өндірістің құлдырап кетуі, экономикалық дағдарыс, төлемдердің жасалмай жатуы, жалақының тәмендігі, зейнетакының уақытылы берілмеуі, жұмыссыздық, кәсіпорындардың тоқтап қалуы салдарынан орасан зор қыншылықта душар болып, оны бастарынан кешіріп отыр. Бірақ, не нәрсе болса да, әдетте айтылатыныңдай, салыстыру арқылы айқындалады ғой. Егер біз Қазақстанды ТМД-ның адамдардың қаны төгіліп, қырғын соғыс жүргізіліп жатқан өзге мемлекеттерімен салыстыратын болсақ, онда менің ойымша біздегі істің жағдайы анау айтқандай жаман да емес екенін көреміз. Біз экономиканы, қоғамды реформалауда да соғыс орында келе жатқан жоқпыз. Бәлкім, қазақстандықтардың маған сенім көрсетіп келе жатқандығы да болар.

Шынымды айтсам, мен 1995 жылғы 30 сәуірде урнаға келген сайлаушылардың Президент Назарбаевтың өкілеттілігін 2000-шы жылдың аяғына дейін созуға 95,4 пайзызы дауыс бере қояды дегенді күткен жоқ болатынмын. Мен адамдар өздерінің тұрмыс-жағдайларын неғұрлым тез жақсарту жөніндегі үміттерін өзіме артып отыр деп ойлаймын. Міне, осы жағдай маған маза бермейді. Әрине мен туралы жұрттың не ойлап, не айтатыны өзімді қатты толғантады. Өзіме дұрыс қарайтын адамдардың ыстық ықыласы мен ілтипатын сақтап қалу үшін, ал теріс қарайтын адамдардың маған деген пікірін жақсы жағына қарай өзгерту үшін қолымнан келетін мүмкін нәрсенің бәрін де жасауға тырысамын.

Тілші:

– Сіздің айнала төңірегінізде жастар көп. Бұл кадр жөніндегі ойластырылған саналы саясатының ба? Сіз мемлекет басшысы ретіндегі ескі мектеп басшыларының тәжірибесін бағалайсыз ба?

Н. Назарбаев:

– Партия органдарына қызметке алғанда ең таңдаулыларды ғана іріктеу дәстүрі болғанын мен бұрын да талай рет айтып келгемін, қазір де қайталап айтуға өзірмін. Партия дегеніміз өзіндік бір элита, ең таңдаулылар тобы болатын. Одақ күйрекеннен кейін біз тәуелсіз Қазақстанның іргетасын қалай бастадық. Міне, сол кезде біз өзімізде бұрыннан да бар адамдармен

ғана қызметтес болдық. Басқа адамдар болған жоқ. Біз кімді болса да бұрын аудандық не қалалық партия комитетінің басшысы болып істегені үшін ғана қызметінен босатып көрген емеспіз. Жаңа жағдайда жұмыс істеуге бейімделгендер күні бүгінге дейін қызметте жүр. Мысалы, Андрей Григорьевич Браун – Ақмола облысының әкімі. Ол туралы жұрт партияның динозавры деп әзіл айтады. Ал, ол болса, 58 жасында реформаны кейір жиырма бестегі жігіттерден әлде қайда тәуір жүргізіп келеді. Көп адам қызметтен өздері сұранып кетіп жатыр. Өйткені, реформа керуенінің сонынан еруге жүрттың бәрінің бірдей мұршасы келмеді. Олар нені, қалай, ең бастысы не үшін істеу керек екенін түсінбеді. Мұның өзі – жалпы жанға бататын қасірет, адамның не онда жоқ, не мұнда жоқ әрі-сәрі болып қиналуы. Әрбір басшы менің жарлығыммен тағайындалатын болғандықтан да Президент пен Үкіметтің саясатын жүзеге асыруға мәжбүр болуы керек-ақ сияқты көрінеді. Бірақ олай ету олардың өздеріне іштей ұнамайды. Соның салдарынан іс ақсап жатады. Сондықтан оларды қызметінен босатуға тұра келеді. Мысалы, таяуда ғана облыс әкімдерінің үштегі бірі ауыстырылды. Маған үкімет билігіне әйтеір жастандардан гөрі жаңаша, қатып-семіл қалған үлгіден тыс ойлайтын, алдағы перспективаны терең сезіне білеттің адамдардың келгені әрқашан маңыздырақ көрінеді. Алғашқы кезде Қазақстанда ондай адамдар аз болды. Міне, содан кейін менің алғашқы кеңесшім доктор Бэнгтің көмегімен, Еуропалық одақтың көмегімен Қазақстанның Экономика, менеджмент және болжам жасау институты ашылды. Соңғы жылдары оны шетел тілдерін жақсы білеттін, экономика және басқару магистрі деген атақ алған 350 жас бітіріп шықты. «Болашақ» атты бағдарламамыз да бар. Ол бойынша 500 студентті Батыс мемлекеттерінде оқып қайтуға жібердік. Олар оку бітіріп келгеннен кейін қазақстандық жаңа элитаның, ең таңдаулы мамандар тобының қатарын толықтыра түсетін болады. Президент Миттеранмен жасалған келісім бойынша Қазақстанда Париж үлгісіндегі Жоғарғы басқару мектебі ашылды. Онда министрлердің, облыстық, аудандық буындағы басшылардың қызметіне баратын маман кадрлар даярланып жатыр. Біздегі ең жас әкім Семей облысында, оның жасы 31-де. Үкіметтіңде жас жағынан онымен құралппы екі министр бар. Жаңастар біздің қаржы министрлігінде де, Ұлттық банкімізде де, Халықтық жинақ банкісінде де, Әділет министрлігінде де баршылық. Оларды жас үрпақ қайта құру ісінің перзенттері деуімізге болады.

Тілші:

– *Дұрыс-ақ. Шығыста ғана емес, басқа жақтарда да барынша ұнайтын қағидат – жеке адамға ынты-шынтымен берілгендей қағидатының жайы қалай?*

Н. Назарбаев:

– Қыын сұрақ екен. Шамасы, менің мінезім басшыға лайық емес болуы керек. Жұмысын алып жүре алмаған адаммен қош айтысуға тұра келген

кезде әйтеуір әрқашан қатты қиналамын. Команда дейтін нәрселер бұрын қалай іріктелуші еді? Маркстік-лениндік идеяға шын берілгендей түрғысынан іріктелетін сияқты болып көрінетін. Ал, іс жүзінде олар өздерінен жоғары тұратын басшыға қаншалықты шын берілгендей түрғысынан таңдалатын. Өз басым ондай шын берілгендей саясат пен экономикаға деген көзқарастың сәйкестігінен туып жатса, оған тіпті де қарсы емеспін. Президент Назарбаевтың жеке басынан гөрі (өйткені менің де қателесуім мүмкін ғой) жалпы халықтың мүддесіне қатысты болуы тиіс. Ондай шын берілгендей үшін мен бәрін де кешіруге бармын. Ал, кімде-кім: «Мен сенің бұл идеяларынды құптай алмаймын. Бірақ бір жапырақ наң үшін өз орнымда қала беруім керек. Сондықтан да мен саған әрқашан да адалмын, шын берілген адаммын» дейтін болса, ондай «шын берілгендейкітің» тіпті де қажеті жок.

Мен ондайлардың талайын көргенмін. Олар сенің астындағы тағың шайқала бастаса-ақ, қарасын көрсетпей зым-зия жоғалып кетеді. Қанша іздесен де қасынан таба алмайсың. Ал, былайша қарасаң, олар барып тұрган сенімді, шын берілген адамдар сияқты-ақ көрінетін... Жас ұлғайған сайын мен мұнданай нәрселерге барынша байыппен қарайтын болдым. Бұғандегі «Назарбаевтың командасы» дегеніміз не? Ол – реформаларды алға қарай тез жылжытуға, халықтың тұрмысын жақсартуға қабілетті адамдардың шоғыры. Олар осы талаптарға сай келсе ғана команда бола алады. Сай келмесе – команда емес.

Тілші:

– Ал, егер талапқа сай келе тұра пікір таластырыл, өз айтқанын дәлелдеп отырып алса, Сізге ұнамайтын әртүрлі жағымсыз әңгімелер айтса ше?

Н. Назарбаев:

– Мейлі айта берсін. Қазір менің бұған әбден етім үйреніп кеткен. Бәрін де дұрыс қабылдаймын.

Тілші:

– Бұрын ше?

Н. Назарбаев:

– Күйзеле қабылдайтынмын. Қанша дегенмен мен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, Министрлер Кеңесінің Тәрағасы едім ғой. Ол кезде мені сынауға болмайтын. Ол жылдары орталық комитеттің хатшысын немесе Министрлер Кеңесінің Тәрағасының сынау дегеніміз нені көрсететін еді? Ол сол жүйені тас-талқан етуді көрсететін. Содан кейін жоғары жаққа да ауыз салынуы мүмкін ғой. Дәстүрді бұзу қылмыс саналатын. Шығыста сын айтудың жағдайы жалпы алғанда, қанша да болсын, жетіскең емес. Дәстүр бұзған адамның басы алынатын. Абай

туралы фильмдегі сияқты. Онда келініне көз қызығымен мейірлене қараған адамды айыптаң жазалайды емес пе? Түйеге асып өлтіреді ғой.

Кеңес заманы кезінде мен де өзге жүрттың бәрімен бірдей болғанмын. Ал, енді біз демократиялық азаматтық қоғам құруға кірісken екенбіз, онда менің саналы түрдегаңа дәстүрлерге қарай ойысуым керек қой. Конституция бойынша менің өз қолымдағы делбені қашшалықты қатты тартып ұстауға да еркім бар екенін сіздер жақсы білесіздер. Бірақ менің тіпті де олай еткім келмейді. Қолымнан келіп тұrsa да олай еткім жоқ. Мен жүрттың бәрінің де өз пікірлерін емін-еркін, ашық айтуын, олай етуден қорықпауын, қайта мұның өзі өмірдің қалыпты нормасына айналуын қалаймын. Қазақстандықтар, менің халқым, өз тарихында алғаш рет өз елінің азат азаматтары болу мүмкіндіктеріне қол жеткізді. Ал, мен бұл мүмкіндікті олардың қолынан енді қайтып ешкімнің де алып қоюына жол бермеуім керек. Біз пікір өзгешелігі үшін ешкімді де соттаған емеспіз, немесе, бірде-бір газетті заңсыз жауып көрген жоқпыз. Мен заңгерлермен бірге жаңа Конституцияның жобасын талқылаған кезде елеулі-елеулі, даулы мәселелер пайда болды. Заңгерлер менің не айтатынымды күтіп, аузыма қараумен отырды. Ал, мен оларға: «Сіздер менің көnlіme қарамай-ақ қойыңыздар. Шамдандырып аламыз деп шошымаңыздар. Егер бір нәрсенің қисыны келмей тұrsa, оны менің көзімді жеткізе дәлелденіздер» дедім. Сөйтіп олар біраз мәселелеге көзімді жеткізе дәлелдер келтірді. Жаңа қатынастарға дағдылану маған ғана емес, өзгелерге де қыын екенін түсінемін.

Тілші:

– Ал, егер Сіздің пікіріңізben біr топ адам, тұмас біr үйым, бәлкім саяси партия келіспесе ше? Ондай жағдайда Сіз Қазақстанда саяси оппозиция болуы мүмкін деп ойлайсыз ба?

Н. Назарбаев:

– Бұл ретте соңғы кезде менің көзқарасым қатты өзгерді. Кеңес үкіметінің заманында билік басындағы саяси құрылышқа ашықтан-ашық оппозиция бола қояды деу менің ойыма кіріп те шықпағаны әбден түсінікті. Қазір мен мұндай жағдайда тіпті де саспаймын. Қоғамда халықтың әртүрлі жіктері мен топтарының пікірлерін білдіретін саяси партиялардың болуы – әбден қалыпты жағдай. Олар үкімет басындағы отырғандардың жіберген қателіктерін мұқият қадағалап отырады, қоғамның назарын сол қателіктерге неғұрлым күштірек аударады, «құрметке бөленіп қалғып-мұлгіп отыруға жол бермейді». Ондай адамдар кейде мемлекет үшін барынан жоғы, ашынан тоғы жақсы шенеуніктерден әлдеқайда пайдалырақ.

Мен былай дер едім: егер саяси оппозиция болмаса, онда оны болдыруға тырысу керек. Мәселе ол оппозицияның қандай түрпатта болатындығында. Қоғамдық тепе-тендікті сақтауда алуан түрлі парықсыз экстремистер мен саясаткерлерден қатерлі ешкім жоқ. Өйткені олар қоғамдағы келенсіздікті

қоздырған үстіне қоздыра түсіп, лай судың толқынданған бетіне өздері қалқып шығуға, өздерін-өздері көрсетіп қалуға ғана тырысады. Мен сындарлы пікір айтатын дұрыс тұрпаттағы оппозицияшыларды ынталандыруға, қолдауға әрқашан әзірмін. Өйткені олар үкімет билігі басында отырғандардың жіберген қателіктеріне бөріктерін аспанға ата қуанбайды, қайта өздерінің нақты шешімдерін ұсынады. Мен ондай оппозицияшылармен рахаттана ынтымақтасуға әрқашан да әзірмін. Мұндай адамдар билік құрылымдарына қалыпты кірігеді, Президент аппаратында, Үкімет құрамында жұмыс істей алады. Бұған мысалдар жетіп артылады. Оның үстіне, мұндай жағдайда оларды өз сенімдерінен немесе саяси құштарлығынан бас тартуға ешкім де мәжбүр етпейді. Олар жұрт қатарлы келіп-кетіп жүріп, өздері үшін де, қоғам үшін де пайдалы жұмыс істейді.

Тілші:

– *Баспасөз бетінде Сіздің демократияшыл еместігіңіз жөніндегі айыптаулар жиі-жиі қылаң беріп жур. Парламенттің таратылуын, референдумдардың еткізілуін қайта-қайта еске сала береді...*

Н. Назарбаев:

– Еркін баспасөз беттерінде өкіметті сынау – әдептегі қалыпты жағдай. Кейде пайдалы да. Әрине, ондай кезде адамның күйзелуіне де, ашулануына да, түкке түсінбей таңдануына да тұра келеді. Бірақ бұл барып тұрған әдепсіз дәрекілікті көрген кезде ғана болатын нәрсе. Ал, егер ондай сын ақылға қонымды, адал ниетті әрі дәлелді болса, онда оның төнірегінде неғұрлым тереңірек ойланған жақсы.

Алайда байсалды саясаткер өзімнің іс-әрекеттерім баспасөз бетінде нашар баға алып қалуы мүмкін-ау деген қауіп-қатерден қорықпауы тиіс. Бұл ретте мен өзімнің «антидемокриялық» әрекетім, «диктаторлық» қылыштарым, республикада «парламентаризмге қысым жасағаным» үшін жазғыруға душар болатынымды білдім бе? Әрине білдім! Бірақ мен қалыптасқан нақты өмір шындығын жан-жақты сарапқа салдым. Парламент Конституциялық соттың шешімі бойынша таратылды. Өйткені ол халықтың қалың тобы арасында пәлендей қолдау таба алмады, жеткілікті дәрежеде кәсіби деңгейге көтеріле алған жоқ. Соның салдарынан да ол өзінің ең басты міндеттін орындаған жоқ – реформаларды жүзеге асыру үшін қажетті құқықтық негіздер қалай алмады. Бір жыл бойы реформага тікелей қатысы бар қабылданған заңдарының жалпы саны онға да жетпеді. Қазір бізде ұзақ үзіліс пайда болды. Әзірше парламенттің жоқ. Сонда не болып қалды дейсіз ғой? Бұған бола ешкім басын тауға да, тасқа да соғып жүрген жоқ, мемлекеттің де күйреп қалу қалпы байқалмайды, оппозиция да қысым көруден ада. Оның есесіне осы үзіліс кезінде біз қоғамға мейлінше қажет 70-ке жуық құқықтық акті жасап бердік, оларды Президенттің заңдық күші бар жарлықтарымен бекітіп те үлгердік.

Дегенмен Қазақстан қалыпты жұмыс істейтін үкімет билігінің зан шығаруши тармағының қала алмайды және қалмайды да. Біз өзіміздің конституциямыз берілгенде мәніндегі көсіби парламент болады той деп қатты үміттенемін. Өкімет билігінің әрбір тармағы өзара жауапкершілікті сезіну қағидасы негізінде өз құзырындағы іспен ғана айналысатын болады. Ал, президент олардың қалыпты жұмыс істеуін және халық алдындағы жауапкершілігін жете сезінуін қамтамасыз етеді.

Тілші:

– Сіздің өзіңізге жақын да қымбат, бірақ өзіңізден өлеуметтік сатының салыстыруға келмейтін тыым тәменгі басқышында тұрган адамдармен жеке қарым-қатынасынаның реті келе бере ме?

Н. Назарбаев:

– Мен күні кеше ғана өзімнің жақын досым Николай Ильич Литошконы Украинаға шығарып салдым. Біз онымен 1958 жылы – ол кезде мен он жеті жаста едім – Украинадағы Днепродзержинск қаласында күрес кілемінің үстінде кездесіп танысқанбыз. Мен сол қалада тұратынмын. Онда 79 килограмдық екінші орта салмақта еркін күреспен айналысушы едім. Біз Николай екеуміз аянбай, қатты күресетінбіз. Кейін қалалық жарыс өткізілген кезде мен оны тағы да жығып кеттім. Содан соң ол үш килограмм салмағын жоғалтты да, басқа категорияға ауысты. Мен оның әке-шешесімен де таныс болатынмын. Украинадан Қазақстанға қайтар кезімізде Николайдың шешесі бізге «Жолда жейсіндер» деп, дәмді бәліш пісіріп бергені әлі есімде. Ол кезде пойыз Қазақстанға дейін тәрт тәулік бойы жүретін. Николай Ильич – қарапайым жұмысшы, металлург. Қазір зейнет демалысында. Мен онымен байланысымды ешқашан үзген емеспін. Менің мұнымды Украина Президенті Леонид Кучма біліп қалып, өзінің Қазақстанға келген сапары кезінде Николайды осында ала келіпті.

1960 жылы мен Қарағанды металлургия комбинатында жұмыс істеуге қайта оралдым. 1962 жылы сонда жүріп үйлендім. Николай да Қазақстанға ауысты. Біздің кіп-кішкентай тар пәтеріміздегі шегенің бәрі де соның қолымен қағылған деуге болатын еді. Менің келіншегім Сара Николай дегенде ішкен асын жерге қоятын. «Міне, нағыз азамат деп осыны айт – шаруаға епті, қожайынның нағыз өзі!» деп отыратын. Осы жолы келгенде қарасам, Николайдың алақаны ойылып қалыпты. «Мыкола, сен зейнет демалысында жүрген жоқсың ба?» дедім. «Амал қанша, күнкөрістің қамы той» деді ол. Оның зейнетақысы екі миллион карбованец екен. Есептеп қарасам, он тәрт доллар ғана. Он бес сотық бақшасы бар. Жаздығуні көрші-қоландарына гараж соғып, үй салып берумен айналысатын көрінеді. Міне, біздің жігіттер, менің металлург достарым осындей! Олардың көпшілігі Теміртау қаласында

тұрады. Достардың өмірі түрліше қалыптасты. Қердіңіз бе, мен өзімнің нағыз достарымнан ешқашан да қол үзген емеспін. Оның үстіне, адамның нағыз шын достары онша көп те болмайды ғой. Өзінді баяғыдан бері білетін, бәрін де қаймықластан тұп-тура көзіңе айтатын қайран достар-ай десенші! Ондайлар аз. Бәріміз жиналып бас қосу үшін Теміртауға бір барып қайтуға соншалықты құштармын. Біз, металлургтер, елу жаста зейнет жиналысына шығамыз ғой. Ал менің зейнетақы алуға енбекім әлдеқашан толық сіңген.

Тілші:

– Нұрсұлтан Әбішұлы, Сіздің шынымен-ақ зейнет демалысына шыққыңыз бар ма?

Н. Назарбаев:

– Ол да ойда бар, ойланып жүрмін...

Тілші:

– Қазақстанда орыс халқына қатысты елеулі проблемалар пайда болды. Сіз бұл туралы не ойлайсыз?

Н. Назарбаев:

– Қазақстанда бірнеше миллион халық тұрады. Оның ішінде орыстар, орыс тілін өздерінің ана тілі санайтын басқа да ұлт өкілдері қаншама десенізші! Осында туып-өскендер де, өз еркімен немесе сталиндік қуғын-сүргін айдауымен келгендер де бар. Олардың бәрі де республиканың экономикасы мен мәдениетін көтеруге баға жетпес үлес қости. Олардың өздерінің де, ұрпақтарының да біз қазақастандықтармыз, осы мемлекеттің тәң құқықты азаматтарымыз деп санаудына толық негіз бар.

Менің түсінгенім – бұл жерде әңгіме халықтың славян тектес бәлігі туралы болып отыр ғой деймін. Рас, олар КСРО-ның тарап кетуі салдарынан аяқ астынан болған шекаралар арқылы өздерінің тарихи отанынан бөлініп қалды. Біз олардың тағдырлары үшін алаңдаушылығын жақсы түсінеміз және бәрінің де мұдделерін барынша елеп-ескеруге тырысамыз. Орыс тілі жаңа Конституциямызды ресми тіл ретінде бекіді, оның мәртебесі мемлекеттік тілмен бірдей болды. Бізде орыс тілінде ондаған газеттер мен журналдар шығады, телевизия және радиохабарлары таратылады, орта және жоғары оқу орындарында сабак жүргізіледі. Орыс театрлары жұмыс істейді. Орыс тілінде кітаптар басылады. Тіпті ұлттық валюта банкноттарында да – тенге – орыс тіліндегі жазу бар. Бірақ әзірше орыстардың да, тап сол сияқты немістердің де, украиндықтардың да, гректердің де, басқа бірқатар ұлт өкілдерінің де Қазақстаннан кетіп жатқанын тоқтату сәті түсे қойған жоқ. Мына бір жағдайды атап өту керек, кеткен орыстардың негізгі бәлігі әскери қалашықтардың, соның ішінде әсіресе құпия, жабық қалашықтардың тұрғындары. Полигондар жабылып жатыр, әскерилер кетіп жатыр, ал жай

халыққа жұмыс жетіспейді. Бір кезде Орта Азия округінде 500 мың адам болатын. Ал, біздің армиямыздағылардың саны одан он есе аз. Израильдің Сыртқы істер министрі Шимон Перес жақында менімен кездескен кезде Ресейден оларға 700 мың еврейдің көшіп барғанын айтты. Ресейден қоныс аударып барып жатқан немістер жөнінде Германияның президенті де сөз етті. Бірақ, олардың ешқайсысы да бұл үшін Ресейді кінәлаған жоқ. Сөз ретіне қарай айта кетейін, Ресейден бізге де ондаған қазақтар қайтып келіп жатыр. Көші-қонның сырьы тіпті де қайдағы бір этносаралық шиеленістерде емес, – Қазақстанда ондай атымен жоқ – қайта адамдардың материалдық жағдайымызды жақсартсақ деген үмтүліктерінде жатыр. Олардың көнілдерін орнықтыру үшін біз Ресеймен келісім жасасып, ол жақта тұрақты тұрып қалу үшін кетіп жатқан қазақстандықтардың Ресей азаматтығын алу тәртібін женілдете түстік. Жұрт мұны дұрыс түсінді, үкіметтердің оларға қатысты ешқандай да жасырын бөтен ниеті жоқ екендігіне көздерін жеткіздік. Содан кейін-ақ көші-қон тасқыны бәсендей түсті. Таяудан бері бізде «реэмигрант» деген жаңа термин пайда болды. Алғашқыда өздерінің ұшқары шешім қабылдағанын түсініп, кешегі тастап кеткен ошақтарына қайтып оралып жатқандарды осылай деп атайды.

Тілші:

– Таяуда Сіз бір сөзінізде Қазақстандағы қазіргі жағдайды кешегі Ұлы Отан соғысымен салыстыратын болсақ, онда Курск түбіндегі шайқас біз үшін женіспен аяқталды дегенді айттыңыз. Сонда, Нұрсұлтан Әбішұлы, түпкілікті женіске қашан жетуге болады.

Н. Назарбаев:

– Мен көріпкел жан емеспін, Ноstrадамус та емеспін, тіпті экстрасенс те емеспін. Менің Қазақстан азаматтары түптің-тубінде жақсы табыс табатын, қоғамда қазіргідей сүмдүк қылмыс атаулы болмайтын, адамдардың қалыпты өмір сүріп, еңбек етуін өмірді құштарлықпен сүйіп, қуанышқа бөленуіне барлық жағдай жасалатын күнді неғұрлым тезірек жақыннатуға барынша мүдделімін, асығамын да. Бәлкім, менің барлық мәселені ойдағыдай жасауымның сәті түспей жүрген де болар. Атқарған ісіме өзім де қанағаттанып жүрген жоқын. Бірақ, мен өз қолымнан келетін нәрсенің берін де жасаудан аянып қала алмаймын. Ал, түпкілікті женіске келетін болсақ, оның ауылы алыс емес.

Тілші:

– Сіз қазіргі көтерілген биік шыныңызда өзінізді бақытты адаммың дег сөзінесіз бе? Өміріңіздің ең бақытты жылдары қай кез деп білесіз – бұған дейін өткізген жылдарыңыз ба, әлде алдағы келе жатқан жылдарыңыз ба?

Н. Назарбаев:

Чрезвычайно велика заслуга в проведении этих торжеств исполнительного секретариата ЮНЕСКО и, прежде всего, ее Генерального директора господина Федерико Майора, специально прибывшего в Казахстан в юбилейные дни. Его приезд вызвал большой резонанс в республике. По представлению многочисленных общественных организаций руководителю ЮНЕСКО была присуждена ежегодная премия Мира и духовного согласия, которой удостаиваются видные общественные деятели, внесшие большой вклад в укрепление межнациональной стабильности и единения народов Казахстана.

Ныне на первый план выдвигается проблема взаимоотношений политиков и культуры. Мировая практика показывает, что государственные деятели способны влиять и активно влияют на эстетику общественного развития. Они просто обязаны поддерживать все, что определяет культурный уровень связей между странами и народами. Надо быть откровенным: до сих пор степень и интенсивность такого влияния нередко сдерживается различными субъективными факторами, носит разрозненный характер. ЮНЕСКО могла бы унифицировать этот стихийный процесс в рамках некоего меморандума для политических деятелей современности. Главы государств способны оказать существенную поддержку ЮНЕСКО в ее региональной деятельности по изучению и развитию культуры. Что касается Центрально-Азиатского региона, то Казахстан поддержал бы идею создания у себя центра или института евроазиатских исследований – своеобразной базы комплексного изучения уникального духовного наследия наших народов. Говоря же в принципиальном, более масштабном плане, высокоразвитые государства и международные организации, оказывая поддержку странам с переходной экономикой, должны непременно учитывать специфику их культурного развития. Для этого, несомненно, нужны соответствующие рекомендации ЮНЕСКО.

Открывшиеся возможности для интеграции, многополюсного развития мира, крепнущие связи между Западом и Востоком, требуют новых подходов и идей в сфере образования. Посттоталитарные страны переживают неизбежные реформы в этой области. Это вполне понятно, поскольку новая социальная среда потребовала изменения образовательного уровня. И здесь, при изучении и внедрении апробированных и хорошо зарекомендовавших себя систем образования, не обойтись без помощи ЮНЕСКО. В частности, для Казахстана, как и многих других стран, немалый интерес представляют так называемые интеграционные дисциплины.

Такие предметы, как сравнительная история, культура, социология, должны стать важной частью новых программ. Изучение языка и литературы, этих мощных выразителей индивидуальности культур и носителей общечеловеческих ценностей, также могут найти в них достойное место. В перспективе подобные программы способны создать новый исторический контекст для современного мира, уже не разделенного искусственными историческими и политическими барьерами.

Проблемы, скоторыми сейчас сталкивается Казахстан в ходе проведения радикальных реформ, порой невозможно решить на старой образовательной базе. По сути, они стали неотъемлемой частью современных социально-политических реалий, с которыми молодые государства раньше не сталкивались. Соответственно, растет необходимость в углубленной подготовке специалистов как по общеевропейским, так и по азиатским, другим региональным проблемам. Не только страны СНГ, но и все государства, стремящиеся к углублению интеграции, заинтересованы в реализации таких специализированных образовательных программ, учитывающих быстро меняющуюся ситуацию в мире. И здесь мы также вправе рассчитывать на поддержку ЮНЕСКО. По этому поводу древний мудрец заметил: «Тот, кто думает о сегодняшнем дне страны, заботится о хлебе насущном, кто о завтрашнем – вглядывается в людские лица». И это верно: все мы должны открыто смотреть в глаза юных людей, которым в недалеком будущем предстоит творить историю человечества, поскольку в центре внимания ЮНЕСКО всегда находятся и вопросы науки. Прежде всего речь идет о необходимости концентрации усилий ученых на ликвидации последствий ядерных испытаний. Почти 40-летнее функционирование Семипалатинского полигона нанесло непоправимый урон здоровью населения и окружающей среде Казахстана. Это дает нам полное право напомнить миру, сколь дорогую цену приходится платить человечеству за то, что, не спросив его мнения, бездумные правители тоталитарного советского режима усеяли землю смертоносным вооружением.

Казахстан сделал сознательный выбор в пользу отказа от такого оружия, добровольно присоединился к договору о его нераспространении, предварительно закрыв Семипалатинский полигон. Наш горький опыт – это грозное предостережение всему человечеству, поэтому мы призываем все государства заключить не позднее 1996 года соглашение о полном и всеобъемлющем запрещении ядерных испытаний.

Избежать повторения ошибок прошлого, оградить народы от смертоносного воздействия так называемого «мирного атома» помогло бы особое внимание ЮНЕСКО к этой проблеме. В частности, Казахстан готов создать у себя международный научно-исследовательский центр по

изучению последствий ядерных испытаний на человека и окружающую среду.

ЮНЕСКО могла бы также привлечь научную общественность и к проблемам погибающего Аральского моря, способным вызвать глобальные экологические катаклизмы на планете.

Еще одно перспективное направление научной деятельности – совместное освоение космического пространства. Все больше стран сегодня становится членами «космического клуба», в той или иной форме участвуя в исследованиях околоземного пространства. Среди них и Казахстан, два гражданина которого участвовали в полетах на орбитальной станции. Учитывая, что уже не за горами космическая экспедиция к Марсу, становится ясно, что сегодня в деле освоения космоса нужна международная научная кооперация. Ибо никакой отдельно взятой стране не по силам самостоятельно нести эту тяжелую, но необходимую для поступательного движения по пути научно-технического прогресса ношу. Вот почему мы считаем, что страны, заинтересованные в решении этой масштабной проблемы, могли бы консолидировать работу научных элит, согласовывать национальные аэрокосмические программы. Координационные же функции вполне способна выполнять ЮНЕСКО.

Интеграция в области науки, культуры и образования все больше стучится в двери современного мира. Объединение усилий мирового общества в решении актуальных гуманитарных проблем не только станет мощным импульсом к переустройству мира на новой, справедливой основе, но и значительно усилит эффективность борьбы с язвами ХХ века. Здесь, прежде всего, имеется в виду экстремизм, международный терроризм, региональная нестабильность, жертвами которых сегодня становятся как выдающиеся политические деятели, так и рядовые граждане планеты.

Современный мир уже невозможно представить без ЮНЕСКО – организации, ставшей жизненной необходимостью для прогресса человечества. Не случайно Джавахарлал Неру назвал ее «разумом мирового сообщества».

Благородные идеалы ЮНЕСКО, ее активная позиция в процессе социально-экономических преобразований снискали заслуженное уважение во всем мире и находят живой отклик и горячую поддержку в Казахстане, идущем по пути создания нового демократического общества.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫң ЮНЕСКО-НЫҢ
БАС КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ 28-СЕССИЯСЫНЫҢ САЛТАНАТТЫ
ҚОРЫТЫНДЫ МӘЖІЛІСІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ ***

Париж, 15 қараша 1995 жыл

ЮНЕСКО-ның мерейтойын мерекелеу салтанатына қатысуға Қазақстан делегациясын шақырғаны үшін шын жүректен алғыс айтамын. Біз мұны, халықаралық проблемаларды, оның ішінде білім, ғылым және мәдениет құралдары арқылы халықтар арасында бейбітшілік пен өзара түсіністікті нығайту мәселелерін шешуде біздің республикамыздың рөлін танығандық дед бағалаймыз.

Бірнеше жылдан кейін біздің бәріміз екі мың жылдықты ажыратып тұрган кезеңнен өтеміз. Әлем халықтары дамудың сапалық жаңа деңгейіне көшу үмітін осынау кезендік оқиғамен байланыстырып отыр. Өкінішке қарай, бұл үмітке ақыл-ойдың әсерлі жетістіктерімен бірге адамзат жаңа дәуірге тарихи екі көзқарастың ауыр жүгін бірге алып баруы қөлеңке түсіруде. Оғаш та болса бір факт бар: біздің планетамыздың демократия әлі қунғе дейін зорлық-зомбылықпен, білімділік – сауатсыздықпен, гүлдену – қайыршылықпен қатар өмір сүріп келеді.

Қалған санаулы жылдарда ахуалды түбірінен өзгертудің сәті түседі деп ойлаудың өзі аңғалдық болар еді. Дегенмен де, дүниежүзілік қоғамдастық осынау сорақы қайшылықты қалай жоюға болады, жер бетіндегі барлық азаматтардың өркениеттің қазыналарына бірдей дәрежеде қол жеткізуін қалай қамтамасыз етуге болады деген сұраққа жауап қайтарудан жалтара алмайды.

Осы сұраққа жауап іздестіруде адамзат назары ізгілік мұраттарына, адам құқықтары мен бостандықтарына, халықтардың рухани қазыналарына барған сайын көбірек аударылуда. Осы идеяларды жаңа моральдық негізде баянды етудің қыын, бірақ иғілікті міндеттін ЮНЕСКО міне, жарты ғасырдан бері абыраймен атқарып келеді.

Осы жанқиярлық қызметтің маңызы төтенше зор. Өйткені, егер үшінші мыңжылдықтың технологиясы өркөкірек наданның, санасыз «астам

* «Егемен Қазақстан» газеті, 21 қараша 1995 жыл.

адамның» немесе адамгершілікten безген жауыздың қолына тисе, біздің әркениетіміз ғаламдық ақырзаманның нақты қатеріне тап болары сөзсіз.

Тәуелсіз, ашық, демократиялық Қазақстандың құру процесі өзірше бастапқы кезеңінде тұр. Әйтсе де бұл процесс өте күрделі жағдайға тап болуда. Біз ұлттымыздың сарқылмас интеллектілік және экономикалық әлеуетіне негізделген болашағымызға деген оптимизм мен үмітке толымыз. Еліміздің қазір рухани тұрғыдан дүр сілкіне оянып, дәстүрлі қазыналарының қайтадан түлеп жатқаны да бізді қанаттандырады. Мұның бәрі әрқашанда біздің мемлекетіміздің имандылық негізі болып келген еди.

Республика өміріндегі серпінді өзгерістер жаңа конституциялық бағдарларды, көпұлтты Қазақстанның қайталанбас мәдениетін сақтап, байыта тұсуді, бостандықтың, рухани кемелдіктің, азаматтық тыныштық пен ұлтаралық татулықтың салтанат құруы үшін ұтымды жағдайлар жасауды талап етті – біздің алдымыздың тұрған міндеттердің толық емес тізбесі осындай. Оны жуырда қабылданған елдің жаңа Конституциясы әлеуметтік-экономикалық талаптармен қамтамасыз етуге тиіс.

Алайда қазақстанның таралық оптимизмі олар алда тұрған қыншылықтарды жете бағаламайды дегенді әсте де білдірмейді. Тоталитарлық өткен дәуірдің зардабын жою шектен тыс күш-жігерді талап етеді. Біз мұндай жұмысқа дайынбыз. Мұның өзінде республика азаматтары басталған өзгерістердің табысын оның халықаралық ұйымдармен арадағы жемісті қатынастарды одан әрі жалғастыра тұсумен белгілі бір дәрежеде байланыстырып отыр.

Біздің еліміз БҰҰ Жарғысы, Хельсинки қорытынды актің, жаңа Еуропа үшін Париж хартиясы, басқа да іргелі халықаралық құжаттар принциптері негізінде дүние жүзінің барлық мемлекеттерімен тең құқықтық және өзара тиімді қатынастарды дамытуға ұмтылуда. Еуропа одағымен ынтымақтастыққа елеулі назар аударылуда. Қазақстан ядролық қаруды таратпау туралы шартқа ядролық қаруы жоқ мемлекет ретінде қосылды және ядролық сынақтарды толық және жаппай тоқтатуды жақтайды.

Егemen республиканың жастығына қарамастан оның есебінде бүкіл дүние жүзінде кеңінен пікір туғызып отырған бастамалары қазірдің өзінде бар. Қазақстанның ұсынысы бойынша, мәселен, аймақтық қауіпсіздік жүйесін құру туралы күш-жігер қолданылуда. Ол Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес өткізу идеясын ұсынды. Бұл ретте біз аймақ мемлекеттері баянды да ұзак мерзімді бейбітшілікті және олардың экономикалық-мәдени дамуының, демократия мен құқық принциптерінде мемлекеттік нығайтудың аса маңызды шарты ретінде тұрақтылықты қамтамасыз етуге бірдей дәрежеде мүдделі екендігін басшылыққа алып келеміз.

Қазақстан, өз тарапынан, ЮНЕСКО жобаларының ойдағыдай жүзеге асырылуы, оның ізгілік қызметінің жетілдірілуі үшін барлық күшін жұмсайтын болады.

**ВЫСТУПЛЕНИЕ
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА
НА ЗАКЛЮЧИТЕЛЬНОМ ТОРЖЕСТВЕННОМ ЗАСЕДАНИИ
28-Й СЕССИИ ГЕНЕРАЛЬНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ ЮНЕСКО ***

Париж, 15 ноября 1995 года

Я выражаю искреннюю благодарность за приглашение делегации Казахстана принять участие в церемонии празднования юбилея ЮНЕСКО. Мы расцениваем это как признание роли республики в решении важнейших международных проблем. В том числе – в укреплении мира и взаимопонимания между народами средствами образования, науки и культуры. Через несколько лет все мы перешагнем рубеж, разделяющий два тысячелетия. С этим эпохальным событием народы мира связывают надежды на переход к качественно новому уровню развития. К сожалению, это ожидание омрачается тем, что вместе с впечатляющими достижениями разума человечество несет в новую эру и тяжкий груз исторических анахронизмов. Парадоксально, но факт: демократия на нашей планете до сих пор уживается с тиранией, просвещенность – с невежеством, процветание – с нищетой. Было бы наивным полагать, что за оставшиеся годы удастся кардинально изменить ситуацию. И все же мировому сообществу не уйти от ответа на вопрос: как ликвидировать эти вопиющие противоречия, как обеспечить всем гражданам Земли равный доступ к ценностям цивилизации?

В поисках этого ответа взоры человечества все чаще обращаются к идеалам гуманизма, прав и свобод человека, духовным сокровищам народов. Нелегкую, но благородную миссию утверждения этих идей на новой моральной основе вот уже полвека с честью выполняет ЮНЕСКО. Эта подвижническая деятельность чрезвычайно важна. Ведь если технологии третьего тысячелетия достанутся амбициозным невежам, бездуховным «сверхлюдям» или аморальным корыстолюбцам, наша цивилизация столкнется с реальной опасностью вселенского апокалипсиса. Процесс построения независимого, открытого, демократического Казахстана находится пока в начальной стадии. И хотя он проходит в очень непростых условиях, мы полны оптимизма и веры в будущее, основанных на поистине

^{*} Газета «Казахстанская правда», 21 ноября 1995 года.

неисчерпаемом интеллектуальном и экономическом потенциале нации. Нас вдохновляет и то, что страна переживает сейчас великое пробуждение духа, возрождение традиционных ценностей, которые всегда были нравственной основой нашей государственности.

Динамичные перемены в жизни республики потребовали новых конституционных ориентиров. Сохранить и приумножить самобытную культуру многонационального Казахстана, создать оптимальные условия для торжества свободы, духовности, гражданского мира и международного согласия – вот далеко не полный перечень задач, решение которых наряду с социально-экономическими призвана обеспечить новая, недавно принятая Конституция страны.

Однако оптимизм казахстанцев отнюдь не означает, что они недооценивают предстоящих трудностей. Преодоление тоталитарного прошлого требует неимоверного напряжения сил. Мы готовы к такой работе. При этом успех начатых преобразований граждане республики в определенной степени связывают с дальнейшим развитием плодотворных отношений между ней и международными организациями. Казахстан удовлетворен уровнем своего сотрудничества с ЮНЕСКО, которое шаг за шагом воплощается в масштабных проектах и программах.

Наша страна стремится развивать равноправные и взаимовыгодные отношения со всеми государствами мира на базе принципов Устава ООН, Хельсинкского заключительного акта, Парижской хартии для новой Европы, других основополагающих международных документов. Серьезное внимание уделяется сотрудничеству с Европейским союзом. Казахстан присоединился к Договору о нераспространении ядерного оружия в качестве безъядерного государства и выступает за полное и всеобщее прекращение ядерных испытаний.

Несмотря на молодость суверенной республики, на ее счету уже есть инициативы, вызвавшие широкий резонанс во всем мире. По предложению Казахстана, к примеру, предпринимаются усилия по созданию региональной системы безопасности, им выдвинута идея созыва Совещания по взаимодействию и мерам доверия в Азии. При этом мы исходим из того, подчеркнул Президент, что государства региона в равной мере заинтересованы в обеспечении прочного и длительного мира и стабильности, как важнейшего условия их экономического и культурного развития, укрепления государственности на принципах демократии и права.

Инициативы его страны в приоритетных направлениях науки, культуры и образования и впредь будут находить понимание и поддержку ЮНЕСКО. Казахстан же со своей стороны приложит все силы для успешной реализации проектов ЮНЕСКО, совершенствования ее гуманистической деятельности.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫң ПРЕЗИДЕНТІ
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫң АМЕРИКАНЫң САН-ДИЕГО ҚАЛАСЫНДА
АШЫЛАТЫН «ҚАЗАҚСТАН – 95»: ӨЗАРА ТҮСІНІСТІКТЕҢ
– СЕРІКТЕСТИККЕ» АТТЫ КӨРМЕ-КОНФЕРЕНЦИЯНЫң
ҚАТЫСУШЫЛАРЫНА ЖОЛДАҒАН ҚҰТТЫҚТАУЫ *

Алматы, 29 қараша 1995 жыл

Осыдан бірер жыл бұрын, дүние жүзінің картасында жаңа мемлекет – Қазақстан Республикасы пайда болды. Қазір бұл жас тәуелсіз елде ірі әлеуметтік-экономикалық реформаларды одан өрі дамытуды бір ауыздан қолдады.

Еуропа мен Азияның түйіскен Ресеймен, Қытаймен және Орталық Азиямен шекараласып жатқан аумақтағы республикада дүниежүзілік экономикаға жедел енудің мүмкіндіктері бар. Ол зор экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени әлеуетке ие. Мұның өзі тұрақты саяси жағдаймен, халықтың жоғары білім деңгейімен және ұлан-ғайыр табиғи байлықтарымен үйлесе келгенде, Қазақстан – Америка іскерлік ынтымақтастығының көптеген жобаларына үлкен өріс ашады.

Шетелдік инвесторларды, өз қаржысын, білімі мен тәжірибесін қайтармы мол Қазақстан экономикасына өзара тиімді негізде жұмсағысы келетін іскер адамдардың бәріне де қолайлы экономикалық жағдайға кепілдік беретін сенімді занадардың инфрақұрылымы күтіп тұр.

Қазірдің өзінде шетелдік инвестициялар іс жүзінде республика экономикасының барлық ірі салаларына, оның ішінде мұнай және газ өнеркәсібіне, металлургия мен ауыл шаруашылығына, тұтыну тауарлары өндірісі мен банк ісіне тартылды.

БҰҰ-ның мамандандырылған агенттіктерінің мәліметтері бойынша, шетелдік инвестициялар тартудың көлемі жөнінде Қазақстан Шығыс Еуропа мен бұрынғы КСРО-ның барлық елдерінің, оның ішінде Ресейдің де алдына шығып отыр.

Біздің республикамыздың Америка Құрама Штаттарымен қарым-қатынасының берік негізі бар және жедел дамып келеді. Бұған менің Президент Билл Клинтонмен, Вице-президент Альберт Гормен, АҚШ-тың

* «Егемен Қазақстан» газеті, 29 қараша 1995 жыл.

тағы да басқа жоғары деңгейдегі қайраткерлерімен кездесулерім мен байланыстарымның септігі тиді. Америка компаниялары Қазақстанда белсенді әрекет етуде. Біз олардың қатары үнемі өсө береді деп үміттенеміз. Менің байырғы досым Джеймс Бейкер басқаратын Америка - Қазақстан кеңесінің жұмысына да біз үміт артып отырмыз.

Біздің еліміздің Сан-Диегодағы көрме-конференцияда кеңінен көрінуі, түптеп келгенде, Қазақстан - Америка қатынастарын тереңдетіп, дамытуға және екі ел мен оның халықтары арасындағы ұзақ мерзімді өзара тиімді ынтымақтастықты кеңейтуге қызмет ететіндігіне сенім білдіремін.

**ПРИВЕТСТВИЕ
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА
УЧАСТИКАМ ВЫСТАВКИ-КОНФЕРЕНЦИИ
«КАЗАХСТАН-95: ОТ ВЗАЙМОПОНИМАНИЯ К ПАРТНЕРСТВУ»,
ОТКРЫВАЮЩЕЙСЯ В АМЕРИКАНСКОМ ГОРОДЕ САН-ДИЕГО ***

Алматы, 29 ноября 1995 года

Несколько лет назад на карте мира появилось новое государство – Республика Казахстан. В молодой суверенной стране происходят сейчас крупные социально-экономические и политические преобразования. Совсем недавно, приняв на референдуме 30 августа новую Конституцию, народ Казахстана практически единодушно высказался в пользу стабильности в обществе, дальнейшего развития в стране демократии, политических и экономических реформ.

У республики есть все возможности для ускоренного вхождения в мировую экономику. Расположенная на стыке Европы и Азии, граничащая с Россией, Китаем и Центральной Азией, она обладает огромным экономическим, научно-техническим и культурным потенциалом. В сочетании со стабильной политической обстановкой, высоким образовательным уровнем населения и громадными природными ресурсами это открывает большой простор для многочисленных проектов казахстанско-американского делового сотрудничества.

Иностранных инвесторов в нашей стране, подчеркивается в приветствии, ожидает надежная законодательная инфраструктура, гарантирующая благоприятные экономические условия для всех тех, кто предпримчив и готов на взаимовыгодной основе вложить свои средства, знания и опыт в многообещающую казахстанскую экономику.

Уже сегодня иностранные инвестиции пришли практически во все крупные сферы экономики республики, включая нефтяную и газовую промышленность, металлургию и сельское хозяйство, производство потребительских товаров и банковское дело.

Согласно данным специализированных агентств ООН, по объему привлеченных иностранных инвестиций Казахстан опережает все страны Восточной Европы и бывшего СССР, включая Россию.

* Газета «Казахстанская правда», 29 ноября 1995 года.

Отношения нашей республики с Соединенными Штатами Америки имеют прочную основу и продолжают интенсивно развиваться. Этому способствовали мои встречи и контакты с Президентом Биллом Клинтоном, вице-президентом Альбертом Гором и другими высокопоставленными деятелями США. Американские компании активно работают в Казахстане, и мы надеемся, что их число будет постоянно расти. Мы возлагаем надежды и на работу Американо-казахстанского совета, который возглавляет мой давний друг Джеймс Бейкер.

Я уверен в том, что широкое представление на выставке-конференции в Сан-Диего нашей самобытной страны послужит в конечном итоге углублению и развитию казахстанско-американских отношений, расширению долговременного взаимовыгодного сотрудничества между двумя странами и их народами.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІНЕ АРНАЛҒАН
САЛТАНАТТЫ ЖИҮЙНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ ***

Алматы, 16 желтоқсан 1995 жыл

ТӘУЕЛСІЗДІК ТҮРАҚТЫ ДАМУ АРҚЫЛЫ НЫҒАЯДЫ

Біз ұмытшақ емеспіз, бәрі де есімізде – қазіргі тәуелсіздігіміз қазақ ұлтының өз тағдырын өзі шешуге деген сан ғасырлар бойы ұмтылсының жемісі екенін жақсы білеміз. Бұл ұмтылсы қоғамдық ой-пікірдің қалыптасуымен, халықтың жан-жүрегімен қалаған қажырлы іс-әрекетімен нығайтылып отырды. Біз 1986 жылдың желтоқсанында Қазақстан жастарының тоталитарлық тәртіпке жүрек жүтқан әрі теңдесі жоқ ерлікпен қасқайып қарсы шыққанын ұмытпаймыз. Оның үстіне, біз бостандық көп ұлтты республикамыздың азаматтары жасап жатқан қазіргі тарихтың мазмұнына сай келгенде ғана нақты шындыққа айналатынын айқын сезінеміз.

Мемлекетіміздің егемендік жолымен дамуының алғашқы жылдары, өтпелі кезеңнің қандай да болсын қыыншылықтарын басымыздан кешіре түрсақ та, біздің халқымыздың, қоғамымыздың, саяси күштеріміздің бойынан жас мемлекеттілігімізді нығайту, экономикамызды реформалау, құқықтық демократиялық қоғам орнату, онда рухани бірлік пен ұлтаралық келісім ахуалын қалыптастыру жөніндегі ұлан-асыр жұмыстарды батыл бастап кетуге деген ерік-жігер мен ақыл-парасат жеткілікті мөлшерде табылғанын толық көрсетті.

Қазақстан бүгінгі таңда ілгері қарай қозғалыс үстінде, өзінің түрақты дамуының тиімді жолдарын қарастыруда. Біз қысқа мерзімнің ішінде өтпелі кезеңнің экономикалық саясатын қалыптастыра алдық, шаруашылық кешенде қайта құрудың бірқатар ұлттық бағдарламаларын жүзеге асыруға кірісіп кеттік, экономикалық жағынан тәуелсіз мемлекеттің іргетасын қаладық.

* Н. Назарбаев. Тәуелсіздіктің бес жылы. - Алматы: Қазақстан, 1996. - 6406.

Қазір, сөз жоқ, мемлекетімізге де, бүкіл халқымыздың да қын тиіп жатыр. Өйткені шикізат өндіруге ғана негізделген орасан зор ауыр да икемсіз бұрынғы экономиканы оның құрылымын жетілдіру, көп укладты нарықтық қатынастар орнату жағына қарай бұрып әкете қою тіпті де оп-оңай нәрсе емес, оның үстіне, жаңа әлеуметтік ортаға бейімделу де қын. Бірақ біз күш-жігерімізді барынша жұмылдыра отырып, бәріне де төздік және бұдан әрі ілгері басуымыздың алғышарттарын жасай алдық.

Қазақстан ақшаның шектен шыға құнсыздандыу сияқты экономикалық ауыр дерттен небары бір ғана қаржы жылы ішінде айыға білді. Біз экономикалық егемендіктің ұлттық валюта сияқты аса маңызды атрибутын енгізіп қана қойған жоқпыш, сонымен қатар оның сенімділігіне, тұрақты да берік айналымға түсүіне қол жеткіздік. Соның арқасында біз отандық экономикамыздың бет бейнесін айқындастырын, экспорттық секторды қалыптастыратын, дүниежүзілік рынокқа алып шығатын жолдарды ашатын жетекші кәсіпорындарымызды экономикалық тұнғиық құздың терең түкпіріне қарай құлдыраудан аман алып қалдық. Қазіргі Қазақстан шетелдік капиталды, инвестицияларды, технологияларды, экономикалық жаңалықтарды және дүниежүзілік шаруашылық практикасын енгізу тұрғысынан кімді болса да әлдеқайда күштірек қызықтыра түсіп отыр.

Был еліміздің жаңа Конституциясы іске қосылып, жұмыс істей бастады. Ол қазақстандықтардың басым көпшілігінің қолдауымен қабылданған болатын. Халықтың ерік-жігер білдіруінің ең қуатты қүшімен мемлекет өкімет билігінің тарихи тұрғыдан қажетті жүйесі бекітілді. Нарықтық реформалардың заңдық негіздері айқындалды. Атқарушы өкімет билігінің белгіленген бағдарламаларды жүзеге асыру жолындағы ұйымдастырушылық рөлі мен жауапкершілік елеулі түрде арттырылды. Ертеңгі күнімізге қарай ілгері басудың ой елегінен өткізілген нақты бағыты конституциялық негізде белгіленді.

Егер біздің шынында да іс жүзінде мемлекеттілігімізді нығайтуға, экономикадағы, қоғамдық-саяси өмірдегі тұрақтылыққа қол жеткізуге тезірек ұмтылғымыз келсе, онда республикамыздың болашағы үшін, оның тұрақты дамуы үшін қоғамымыздың барлық әлеуметтік топтардың күш-жігерін бір арнаға бағыттаудың ерекше зор маңызы бар екенін білуіміз тиіс.

Мұның өзі өсіресе қазір, тұрақты даму проблемасы дүниежүзілік көлемде жалпылама қойылып отырған кезенде, ерекше маңызды. Біріккен Ұлттар Ұйымы бұл проблема бүкіл планета үшін де, әрбір жеке мемлекет үшін де бірінші кезекте тұр деп біледі.

Бүгін, Тәуелсіздігіміздің қуанышты күнін атап отырған кезде, менің еліміздің тұрақты дамытуға қол жеткізу үшін қажетті кейбір шарттар туралы өз ойларымды ортаға салғым келеді. Бұл тақырыптың, бәлкім маңызы тіпті

де кем емес басқа да мәселелерін қозғап жатпай-ақ, мемлекеттік егемендік жөніндегі өз кезқарасымды елді демократияландыру, оның рухани өмірі, біздің интеграциялық биік беделіміз, өз мемлекетіміздегі, Кіндік Азия елдері аймағындағы және бүкіл дүние жүзіндегі тұрақтылықты сақтау мен нығайту сияқты аса зор маңызды проблемалары тұрғысынан баяндап беруді мақұл көрдім. Яғни XXI ғасырға енудің шешуші шарты болып табылатын тұрақты дамудың негізін қалайтын шешуші проблемаларға тоқталмақпын.

Демократиялық дамудың өктем талаптары

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін саяси лексикамызда мәнін түсіну үшін тек жалқаулар ғана басын қатырып өуре болып жатпайтын бірнеше жаңа ұғым пайда болды. Бұл жерде, әрине, бірінші орынды әркім өзінің шама-шарқынша түсінетін «демократия» ұғымы алуы тиіс.

Бірақ біз Қазақстандағы саяси өмірдің жағдайына американдық немесе европалық демократия өлшемдері тұрғысынан баға берген кезде кез келген саяси категория дегеніміз әлдебір қатып қалған және барлық уақытқа бірдей жарамды мәңгілік нәрсе емес екендігін ескере береміз бе? Тоқсаныншы жылдардың үлгісіндегі европалық демократия мен ғасырдың бас кезіндегі демократияның арасында аспан мен жердей айырмашылықтар бар екенін ойлаймыз ба?

Ал демократиялық қазыналардың әмбебаптығы жөнінде күмән келтіре қояды деп ойлауға ешқандай негіз жоқ. Ален Турен сияқты осы заманғы белгілі социологтың өзі де мынадай сұраққа жауап іздейді: «Демократияны оның алдында тұрған мақсаттарға, яғни ол адамдар мен әлеуметтік топтардың арасында орнататын байланыстарға қатыссыз тұрде айқындауға бола ма?» «Қазір, – деп жазады ол, – толып жатқан бұрынғы беделге негізделген тәртіп тас-талқан болып жатқан кезде, біз демократияның мазмұны жөнінде терең ойлануға тиіспіз...».

Егер демократияға баға беруге осы тұрғыдан келетін болсақ, онда демократиялық даму мәселелерінде бір ғана рет берілген және барлық уақытқа бірдей жарамды әмбебап рецептілердің болуы мүмкін емес дегенді мойындауымызға тұра келеді. Мұның өзі әсіресе кешегі тоталитарлық тәртіп, ондаған жылдар бойы диктатураның қатал қыспагы жағдайында өмір сүрген, демократиялық институттар туралы ишара білдіруден де аулак мемлекеттер туралы сөз еткенде ерекше маңызды.

Иә, біз демократиялық өзгерістер жолына біржола түстік. Бірақ демократизмді өзіміздің өркениеттілігімізді бүкіл әлемге дәлелдеу үшін ғана орнықтырмаймыз. Бұл ретте өзімізге жан-жақты қолдау көрсетілуін күтеміз. Жоқ, біз бұл жолға өзіміз ынтық болып ұмтылып отырған қымбат

қазыналардың нақты үлгісі болатын демократияны жақтағандықтан түстік. Бірақ бұл ретте уақыттан озып кетуге, оқиғаларды жасанды түрде шапшаңдатуға тырыспаймыз. Өйткені, егер барлық азаматтарға лайықты түрмис жағдайлары қамтамасыз етілмесе, онда саяси бостандық туралы әңгімелер бос сөздерге, тіпті қауіп-қатерлі сөздерге айналатынын ұмытпаймыз.

Демократияны орнықтыру үшін сөзсіз екі түрлі алғышарт – экономикалық тереңдік және қоғамдық тұрақтылық қажет екені жалпыға мәлім. Егер біз экономикалық тереңдікке енді-енді ғана ұмтылып отырсақ, онда Қазақстанның бүтінгі таңда демократиялық қазыналар жасаумен ғасырлар бойы айналысып келген европалық елдермен бой тенестіріп, қатар тұруға әзір екендігі жөнінде мәлімдеуге құқығы бар ма? Мұндай пайымдауға бару социализмді түпкілікті орнату жөнінде кезінде жасалған жөн-жосықсыз мәлімдемеден өзге ешнәрсе де болып табылmas еді. Мен Қазақстанның экономикалық дербестігі неғұрлым қүшейген сайын елімізде демократиялық бостандықтарға деген қажеттіліктің үсті-үстіне арта түсетініне кәміл сенемін. Ал біздің қазіргі таңдағы міндеттіміз азаматтардың саяси инициативаны өркениетті түрде жасауы үшін барлық жағдайлар туғызу, демократиялық қарым-қатынастардың, демократиялық мәдениеттің дағдыларын қалыптастыру тәрбиесі болуы тиіс. Демократия қоғамның өз қойнауынан, оның азаматтарының экономикалық бостандығы қаншалықты артуы мөлшеріне сәйкес табиги түрде өсіп шығуы тиіс.

Біздің көптеген қатып-семіп қалған нәрселерден бас тартуымызға тұра келеді. Тоталитаризмнің күйреу кезеңінде адамдардың санасында демократияны озбырлықтан, басып-жаншудан, жеке басқа табынудан, номенклатураның шексіз өктемдігінен құтылу құралы деп түсіну қалыптасты. Кезінде мұның өзі дұрыс та еді. Алайда, қазір біз демократияның жасампаздық мүмкіндіктері туралы, оның әлеуметтік базасы туралы ойлануға тиіспіз. Өйткені, біз демократиялық институттар құруға енді-енді ғана кіріспін жатырмыз. Сондықтан да бұл құрылыштың барысында қоғамдағы қандай құштерге арқа сүйеу керек екендігін дәл айқындау ерекше маңызды.

Осы бір қындығы мол жұмыста қоғам шын мәніндегі демократиялық институттарды құруға және ең алдымен парламентаризмді қалыптастыруға ерекше үміт артады. Кешегі кеңестік кезеңдегі Жоғарғы Кеңестердің қызметі іс жүзіне келгенде заң шығарушылық саласында ешқандай да мұра қалдырған жоқ. Өйткені, олардың қызметінің мәні жалған еді. Егер жалпы жүртқа белгілі «Шындыққа сай нәрсенің бәрі де (партияның мемлекетке монополиялық үстемдігі және мемлекеттің экономикаға деген монополиялық үстемдігі) Конституцияға сай болмаса, онда Конституцияға

сай нәрсенің бәрі де (құқықтар мен бостандықтар, демократия туралы нормалар) шындыққа сай болған жоқ» деген қағидаға сүйенетін болсақ, істің басқаша болуы тіпті де мүмкін емес еді.

Қазақстан өзінің заң шығару базасын қалыптастыруды өзі тәуелсіздік алғаннан кейін ғана қолға алды. Алайда бұрынғы үлгілерге сай құрылған алғашқы Жоғарғы Кеңестің сұлбесі сапалық жағынан жаңа әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларда мүлдем іске алғысыз болып шықты. Оның орнына келген Жоғарғы Кеңес те сол баяғы ескі сарынмен жұмыс істеді, оның үстіне заңсыз да болып шықты. Сөйтіп өзінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатты.

Енді заң шығарушы өкімет билігі жоқ вакуум кезінде пайда болған жағдай туралы бірнеше сөз айтайын. Мұның өзі елімізде демократизмді дамыту жөнінде ойланып-толғануға негіз бола алады. Елдері қалыптасқан жағдай үшін бүкіл жауапкершілікті толығымен Президенттің өзі алуына тұра келді. Ашығын айтайын, демократияны тежеу және диктатураның қатер туғызыу жөніндегі алып-қашты әңгімелер мені тіпті де абыржыта қойған жоқ. Абыржытпаған себебі – егер демократия дегеніміз халықтың атынан, халықтың өзі үшін және халықтың өзі жүзеге асыратын билік болып табылатын болса, онда демократияға төнген қауіп-қатер жөнінде халықтың өз атынан қойылған сұрақтарға оның өзі ғана жауап беруі тиіс болды.

Сөйтіп халық Президенттің өкілеттігін ұзарту және жаңа Конституцияны қабылдау жөніндегі референдумдардың барысында бұған дейін елімізде жүзеге асырылған өзгерістерді қолдап шықты. Қазіргі іс үстіндегі Ата Заңымыз заман талабына толық жауап беретініне мен көміл сенемін. Ең бастысы – онда өкімет билігі жүйесінде пайда болатын шиеленістердің барлығы да тұрақтылықтың іргесін шайқалта алмайтындаид мемлекеттік құрылыш құру көзделген болатын.

Мен бұл кезеңді тұтас алғанда заң шығарушылық тұрғысынан мейлінше жемісті болды деп санаймын. Өйткені, заңдық күші бар жарлықтармен қысқа мерзімнің ішінде-ақ құқықтық жүйелуе саласындағы орны үнірейген олқылыштарды жоюдың, нарықтық шаруашылықты қалыптастыру үшін мейлінше қажетті экономикалық зандар пакетін қабылдаудың сәті түсті.

Адам саны жағынан шағын әрі көсіби парламент құру жөніндегі идея тап осы жаңа Конституция қабылданғаннан кейін ғана салтанат құрды. Жаңа парламентті – Сенат пен Мәжілісті – сайлаудың екі кезеңі таяуда ғана болып өткені мәлім. Сайлау заңға сәйкес өтті және, жергілікті, сондай-ақ шетелдік бақылаушылардың атап көрсеткеніндей, көзге ұрып тұрған бұрмалаушылар болған жоқ. Сайлаудың өту процесінің өзі, менің көзқарасым бойынша, республикамызда қазір қалыптасып отырған

әлеуметтік-экономикалық жағдайға толық жауап берді. Ең бастысы – халықтың сайлау құқығы өзінде болды және ол бұл құқығын пайдаланды.

Бәлкім, белгілі бір уақыт өткеннен кейін Қазақстандағы демократияны дамытудың қазір біз сөз етіп отырған мәселелері елеусіз нәрселер ғана болып көрінуі және бірінші кезекке демократиялық механизмдерді жетілдірудің, шын мәніндегі көп партиялықты дамытудың басқа проблемалары шығуы мүмкін. Бірақ біз өзіміз тандаған жолға енді ғана түстік. Сондықтан да біз бұл жерде демократияны дамытудың жалпылама өктем талаптары туралы ғана сөз етіп отырмыз.

Тұрақтылық – мемлекетті дамытудың кепілі

Қазақстан өзінің тұрақты дамуын ең алдымен мақсаткерлік және белсенді сыртқы саяси қызметі арқылы қамтамасыз етеді. Саяси және әлеуметтік-экономикалық реформаларды ойдағыдай жүзеге асыру тұрақтылық ахуалы жағдайында ғана мүмкін болатынын жақсы түсіне отырып, біз қарузыздану және халықаралық қауіпсіздік жүйесін құру процестеріне белсене атсалыстық. Семей полигонын жабу және ядролық қарулардан бас тарту жөніндегі шешімдер СШҚ-1 Шартына қосылу, Ядролық қаруларды таратпау жөніндегі шартты ұзартуға бағытталған инициативаға біржола батыл қолдау көрсету елімізді дүниежүзілік қауымдастырыңың сый-құрметіне бөлеп қана қойған жоқ, сонымен қатар оның қауіп-сіздігін де нығайтты, Ресей, АҚШ, ҚХР, Ұлыбритания және Франция тарапынан берілген тиісті кепілдіктер арқасында аумақтық тұтастырымызды да қамтамасыз етті. Қазақстан мен Қытай арасында шекараны заңды түрде бекіту жөніндегі келісімге қол қойылды.

Қазақстан қауіпсіздіктің халықаралық жүйелері ең алдымен ол жүйеге кіретін мемлекеттердің жалпы экономикалық және геостратегиялық мүдделері негізінде пайда болады деп санайды. Тап осы бірінші кезектегі басым жағдай республиканың сыртқы саяси инициативаларының бәрінің де негізіне алынып келеді. Атап айтқанда, Азиядағы өзара түсіністік пен сенім шаралары жөніндегі кеңес шақыру туралы ұсыныс осындағы негізде пайда болды.

Азиядағы өзара түсіністік пен сенім шаралары жөніндегі кеңес шақыру идеясын бүгінгі таңда Азияның көптеген елдері қолдап отыр. Бұл кеңесті өзірлеу жөніндегі арнаулы жұмыс тобының мәжілісіне қазірдің өзінде 15 мемлекеттің өкілдері қатысып үлгерді. Алдын ала сақтандыру дипломатиясының осы бір күрделі аймақтық механизмін қалыптастыру процесі қыруар күш-жігер мен уақытты талап ететінін біз, әрине, жақсы түсінеміз. Сөйтсе де, Азия құрлығындағы барлық халықтардың мұддесіне сай келетін

ондай кеңесті шақыруға үмтүлышқа деген ынта-ықыласымыз барған сайын арта тұсуде.

Ал, дағдарысты жағдайлар мен қарулы қақтығыстар мәселесіне келетін болсақ, онда оларды болдырмау үшін шұғыл шаралар қолдану керек. Біздің еліміздің, Қырғызстанның және Өзбекстанның арасында бейбітшіл күштер батальонын құру жөніндегі келісімге қол жетті және оны Біріккен Ұлттар Ұйымы қолдады. Бұл контингентті Орталық Азиядағы бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау үшін пайдалану жоспарланып отыр. Осы келісімге келудің өзі де, сез жоқ, жағдайды тұрақтандыруши фактор болып табылады.

Біз сонымен қатар дағдарысты жағдайларды құш қолданудың көмегінсіз-ақ түзетуді жақтаушылар болып табыламыз. Әйткені, құш қолдану тәсілі бір қарағанда тиімді сияқты көрінгенімен де, проблеманы түбекейлі шешпейді. Сондықтан да біз шиеленісті жағдайларды барлық мұдделі жақтардың қатысуымен, халықаралық ұйымдардың ара ағайындығы арқылы өтетін сындарлы саяси диалог арқылы шешу жағындамыз.

Тәжікстан үкіметі мен оппозициясының арасындағы жүргізілген келісіздер мұндай тәсілдің дұрыс екендігін дәлелдеп берді. Біріккен Ұлттар Ұйымы Қазақстанның бұл шиеленісті бейбіт жолмен реттеу жолдарын іздестіруде жұмсаған құш-жігеріне жоғары баға берді. Атап айтқанда, оның тәжікаралық келісіздің Алматыда болып өткен төртінші кезеңінде қабылдаушы жақ ретіндегі рөлін жоғары бағалады.

Тұрақты дамуға және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тек әскери-саяси шаралар арқылы ғана қол жеткізілмейді. Бұл жерде экономикалық, мәдени, экологиялық және басқа салалардағы қарым-қатынас түрлерінің де атқаратын маңызы кем емес. Сондықтан Қазақстан бұл бағытта да белсенді маңызды қадамдар жасап келеді. Атап айтқанда, неғұрлым беделді халықаралық құрылымдармен өзара қарым-қатынасты нығайтып, олармен ынтымақтастық ауқымын кеңейтіп келеді. Олардың қатарында Біріккен Ұлттар Ұйымы, ЮНЕСКО, ЭСКАТО (Азия-Тынық мұхиты аймағындағы елдердің әлеуметтік-экономикалық дамуы), ЮНЕП (айналадағы ортаны қорғау); ВОЗ (бұқілдүниежүзілік денсаулық қорғау ұйымы) және басқа көптеген құрылымдар бар.

Егер екіжақты қарым-қатынастар саласындағы бірінші кезектегі маңызды шараларымыз туралы айтатын болсақ, онда Қазақстан үшін Ресей Федерациясымен қарым-қатынасты одан әрі дамыта тұсудің маңызы өте зор. Мұның өзі Ресейдің дүниежүзілік қауымдастықтағы саяси және экономикалық салмағының күшті екендігіне, біздің ортақ шекараларымыздың мейлінше ұзақтығына байланысты. Біздің елдеріміздің ұстанған бағыты алуан түрлі халықаралық мәселелер бойынша көп жағдайда бір-бірімен сәйкес келеді. Ақыр сонында, біздің елдеріміздің

азаматтары арасындағы миллиондаған тұысқандық байланыстар жібітіпті де үзілген жоқ. Мұның өзі Ресейді біздің мемлекетіміздің табиғи одақтасы етпей тұра алмайды.

Мен мына нәрсені жүрттың бәрінің де түсінгенін қалаймын: Қазақстанның егемендігі өмірдің барлық саласында да Қазақстан-Ресей байланыстарынан бас тартуды емес, қайта керісінше, ондай байланыстарды нығайтып, дамыта беруді көздеуі тиіс. Біздің экономикалық, саяси, әскери салалардағы бір-бірімізben өзара тығыз байланысымызды жоққа шығару, әсіресе, ондай байланысқа қарсы куресу – қып-қызыл ақымақтық. Міндет мынада: екі елдің ортақ мұдделерін көздейтін тиісті келісімшарттар жасасу мен құқықтық база құру және оны жүзеге асырудың тиімді механизмін табу керек.

Казақстан мен Ресейдің бір-бірімен өзара қарым-қатынасында проблемалар да кездесіп отыратыны және олардың жиі-жіңі күрделі болатыны да өзінен-өзі түсінікті. Мұнда тұрган ешқандай таң қаларлық нәрсе жоқ. Мұндай жағдайлар кез келген мемлекеттердің арасындағы өзара қарым-қатынастарда кездесе береді. Бірақ мен ондай кедергілердің бәрін де женуге болады және барлық уақытта да жеңе аламыз деп көміл сенемін. Өйткені, біздің екі мемлекетіміз де біріне-бірі қарсы тұруға емес, қайта өзара ынтымақтастық орнатуға ұмтылып келеді. Өзара сенім біздің халықтарымыз бен мемлекеттеріміздің мұдделеріне толық жауап береді.

Біздің стратегиялық мұдделеріміз таяу шетелдердегі басқа да елдермен жан-жақты қарым-қатынасты дамытуды көздейді. Бұл жерде біз Орталық Азия мемлекеттерімен қарым-қатынасты жақсарта тұсуді бірінші кезекке қоямыз. Өзбекстанмен, Қыргызстанмен, Орталық Азия аймағындағы басқа да мемлекеттермен экономикалық және саяси қарым-қатынастарымыздың барған сайын нығайтып, дамып келе жатқанын айрықша атап айтқым келеді.

Қазақстан – өзінің қарым-қатынасын Орталық Азияда дүние жүзінің ең ірі мемлекеті – Америка Құрама Штаттарымен әріптестік дәрежесіне дейін көтерген бірден-бір мемлекет. Мұның өзі заң жүзінде Демократиялық әріптестік туралы хартияда бекіп, көрініс тапты, ал іс жүзінде – АҚШтың тәуелсіз, демократиялық және қауіпсіз Қазақстан Орталық Азияда бейбітшілік пен тұрақтылықтың кепілі болса еken, біздің еліміздегі нарықтық және демократиялық реформалар одан әрі дамыса еken деп шын пейілмен мұдделілік танытуынан көрінеді.

Біздің стратегиялық әріптестеріміздің бірі – күшті қарқынмен дамып келе жатқан, орасан зор өнеркәсіптік, әскери және ақыл-парасат мүмкіндіктері мол Қытай Халық Республикасы. Биылғы күзде менің Пекинге барған сапарым кезінде біздің елдеріміз арасындағы ұзақ мерзімді тату-тәтті көршілік қарым-

қатынастарды, достық пен өзара ынтымақтастықты жан-жақты қолдап, дамыта түсу екі елдің де тубегейлі мұдделеріне сай келеді, Азияда және бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті, тұрақтылықты сақтауға және нығайтуға, сондай-ақ одан әрі дамыта түсуге ықпал етеді деп танылды. Мұның өзі сауда-экономикалық және гуманитарлық салалардағы ынтымақтастық туралы бірқатар бірлескен құжаттарда көрініс тауып, бекі түсті.

Еуропада Қазақстанның Германиямен, Ұлыбританиямен, Франциямен, Еуропалық Одақтың басқа да елдерімен қарым-қатынасы жақсара түсті. 1995 жылдың қаңтарында мен «Бір жағынан, Еуропалық қауымдастықтың және оған мүше мемлекеттердің, екінші жағынан, Қазақстан Республикасының арасындағы әріптестік пен ынтымақтастық туралы» келісімге қол қойдым. Ал, осы жылдың желтоқсан айында Еуропалық Одақпен сауда жасасу туралы уақытша келісім жасалды. Мұның өзі біздің Еуропалықрынокта сауда жасауымызға және ынтымақтастығымызға жол ашады, қазақстандықтардың Еуропадан үйренуіне және онда жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар біз Шығыс Еуропамен – Балтия елдерімен, сондай-ақ бұрынғы Экономикалық Өзара Қемек Кеңесіне мүше елдермен – Венгриямен, Польшамен, Болгариямен және басқа елдермен байланысты белсенді түрде қалпына келтірудеміз.

Республика Түркиямен, Иранмен, Үндістанмен, Пәкстанмен, Корея Республикасымен, Израильмен, АСЕАН мемлекеттерімен жоғары дәрежедегі саяси диалогтар жүргізуге, олармен экономикалық қарым-қатынасты дамытуға үмтіліс танытып келеді.

Қазақстанның барлық сыртқы экономикалық әрекеттерінің негізінде, мейлі ол екі жақты байланыс немесе халықаралық үйымдардағы атқарылатын жұмыс болсын, барлық уақытта да өзінің ұлттық мемлекеттік мұдделері көрініс табады. Оларды табандылықпен қорғау – біздің сыртқы саясатымыздың негізгі принциптерінің бірі. Бұл саясат өзіміздің егеменді мемлекетімізде саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді жүзеге асыру үшін қолайлы сыртқы жағдайларды қамтамасыз ету мақсатын көздейді.

Республиканың интеграциялық ұсыныс жасау артықшылыштары

Тұрақты даму тұжырымдамасы дүниежүзілік қауымдастықтың күшжігерін одан әрі бір арнаға бағыттауды, оған мүше елдерді осы заманғы негізгі де шешуші проблемалар бойынша бір-бірімен жақындастыруды және үйлестіруді, аймақтық және дүниежүзілік интеграциялық құрылымдар жасауды көздейді.

Міне, сондықтан да Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейін көп ұзамай-ақ өзге елдермен, ең алдымен бұрынғы одақтас республикалармен қарым-қатынасты дамыту бағдарламасын жасады. Оның негізіне жас егеменді мемлекеттердің бір кезде біртұтас халық шаруашылық кешенінде пайда болған, байырғы байланыстар базасында қалыптасқан экономикалық интеграция принципі алынды.

Біз бір-бірімен өзара байланысты экономикалардың аймақаралық коопeraçãoиялар мен еңбек бөлісі жүйелерінің іс жүзінде қалыптасқан және өзін-өзі жақсы жағынан көрсете білген құрылымдарының, ортақ тауаррыноктарының, қызмет түрлері мен жұмысшы құштерінің бар екендігі ақылға қонымды және ең қарапайым тұрғыдан алғанда тиімді болатынына қызықтық. Шынында да мұның бәрін тас-талқан етіп бұзып тастап, содан кейін қайта жасап жату шаруаның көзін тапқандық болар ма еді?

Оның үстіне біз, сөзсіз, проблеманың таза адами тұрғыдан алғандағы жақтарын да – адамдардың бір-біріне деген табиғи араласуға құлықтылығының да, олардың жаңа мемлекетаралық шекараларды бұрынғы атышулы «темір перденің» тап өзімен теңестіруді қаламайтын түсінігін де, сондай-ақ мемлекеттердің өзін-өзі толық және қайткен күнде де билеу құқығының бағдарламаларымен мейлінше нашар қабысып жатқан қыруар туысқандық және достық байланыстарының сақталуын да есепке алдық.

Ақыр сонында, бізді бұған дүние жүзінің демократия мен прогресс жолындағы ынтымақтастықты ойдағыдай өрістете түскен және соның арқасында дүниежүзілік қауымдастықтың толық құқықты өрі беделді мүшелері болып отырған көптеген өркениетті елдерінің тәжірибесі де жігерлендірген еді.

Қазақстан интеграция саясаты оның ТМД шеңберіндегі бұрынғы өріптері тарапынан толық түсіністік таба алады деп ойлады ма? Әрине, солай деп ойлады. Олай деп ойлаудың басты себебі – біздің ортақ стратегиялық мақсаттарымыз болды, ол мақсаттарға бірлесе отырып жету де ыңғайлы еді. Өйткені, өктемдікке емес, қайта зандардың басымдығына негізделген экономикалық тұрақтылықты және қоғамның шын мәніндегі демократияландырылуын қамтамасыз етуге, гүлденген мемлекетті орнатуға әбден болатын еді.

Біз интеграцияны декреттің күшімен жүзеге асыру мүмкін емес екендігін жақсы түсіндік. Өйткені, мұның өзі бірте-бірте пісіп-жетілуі және содан кейін ғана адамдардың ақыл-ойына қонымды эволюциялық процеске айналуы тиіс. Сондықтан да біз жаңа интеграциялық байланыстар орнату барысында бір-бірімізге деген өзара құдікке, көлденең тартылған тікенек сымдарға және, белгілі бір құштердің тарапынан оқиғалардың объективті дамуына көдергі жасау әрекеттеріне де душар болуымыз мүмкін

екенін түсіндік және оған әзір болдық. Бірақ мұның өзі біздің интеграциялық ұсыныс жасау артықшылықтарын таңдауымызға, оған қол жеткізуіндік тәсілі, қазір жүрттың бәріне де түсінікті болып отырганыңдай, жалпы дүниежүзілік демократиялық ағымдардың арнасында жатқаны тіпті де кері ықпал ете алған жоқ.

